

# ЛЕНИН ТУУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 207 (9525) || 1954 жылғы 17 октябрь Жексенбі

Шығуына 35 жыл.  
жеке саны 20 тыйын.

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

**Б. Жақыпов:** —35 мың гектар зябь жыртылды (1-бет).  
ҚОҒАМДЫҚ МАЛҒА ЖАЙЛЫ ҚОРА, ҚҰНАРЛЫ ЖЕМШӨП  
ЖЕТКІЛІКТІ ӨЗІРЛЕНСІН! **Қ. Ағаманов.** —Біздің мал қыста-  
туға әзірлігіміз. **Т. Кәдіров, С. Темірбаев.** —Маңызды іске мән  
бермеушіліктің салдары (1-бет).

ОБЛЫС ПАРТИЯ ОҚУЫ ЖҮПЕЛЕРІНДЕ ЖАҢА ОҚУ ЖЫ-  
ЛЫ БАСТАЛДЫ: **А. Гурская.** —Нәтижелі жұмыс істеймін.  
**М. Нұрғожин.** —Тыңдаушылардың ынталылығын арттыра бер-  
у керек (2-бет).

**Ф. Набонов.** —Әрбір колхоз бен совхозда тұқымды жеткі-  
лікті әзірлейік (2-бет).

ЖАҢА КІТАПТАР: Саяси экономия оқулығы (2-3-беттер).  
**Андреев.** —Тарихтың ұмытылмас беттері (3-бет).

**А. Калиберда.** —Мектептердегі техникалық үйірмелердің  
жұмысы туралы (3-бет).

ПЕТРОПАВЛДА (4-бет).

Шетел хабарлары (4-бет).

## Тракторларды жөндеу тыңғылықты ұйымдастырылсын

Ауыл шаруашылығын шұғыл өркенде-  
ту міндеті және бұл міндетті жүзеге асы-  
ру есебінен ұлғайтылып, егіншіліктің  
сентябрь, февраль-март және июнь Плен-  
умдарының қаулыларында айқын белгі-  
ленді. Бұл аса маңызды міндеттерді жүзе-  
ге асыра отырып, облысымыздың колхоз-  
дары мен совхоздары былай егіс кө-  
лемін өткен жылғыдан едәуір ұл-  
ғайтты. Егіс көлемі бүкілхалықтық іс-  
—тің және тыңайған жерлерді иге-  
ру есебінен ұлғайтылып, егіншіліктің  
мәдениетін арттыру, егіннен тұрақ-  
ты және мол өнім алу жолында иш  
жұмыстар істеді. Осының нәтижесінде  
бұйыл адыңғы қатарлы колхоздар егін-  
нен мол өнім алуға жетісті. Олар мемле-  
кетке астық тапсыру жоспарын мерзім-  
де абырмен орындап, колхозшылардың  
еңбекшүндеріне көп астық берді. Сонымен  
қатар өздері жоғары сортты тұқыммен  
қаптамасыз етті. Бұл істе, сөз жоқ, МТС-  
тердің қосқан үлесі орасан зор. Демек  
МТС-тер колхоздарда егін шаруашылығын  
оның әрі өркендете беру күресінде айтар-  
лықтай роль атқарып келеді.

Алдағы жылы облыста егіс көлемі үс-  
тімдегі жылғы мөлшердегіден біржарым  
еседен аса ұлғайтылғалы отыр. Мұның  
өзі келесі жылғы егіс үшін шар мен  
зябьті және тұқымды мол дайындаумен  
біре, оған басқа да әзірліктерді тыңғы-  
лықты жүргізуді талап етеді. Көктемгі  
егістің деркәзінде және агротехникалық  
ережелерге сай өткізілуі, бір жағынан  
оны тракторлардың және егіске қажетті  
басқа да машиналардың алдынала толық  
дайын болуына тікелей байланысты. Сон-  
дықтан МТС-тер мен совхоздардағы жөн-  
деу мастерскойларында еңбектің дұрыс  
ұйымдастырылып, жөндеу жұмыстарына  
осы бастан қызу қарқын туғызылуы кер-  
ек.

Облыстың МТС-тері мен совхоздарында  
1 октябрден тракторларды және басқа  
да ауылшаруашылық машиналарын күзгі  
қысқы жөндеу маусымы басталды. Бірақ  
бұл жұмыстар көп МТС-тер мен совхоз-  
дарда шейінше нашар жүргізіліп келеді.  
Бұл жөнінде, әсіресе Чашаев атындағы,  
Семишолка, Соколов МТС-терін атап айту  
керек. Бұл МТС-терде тракторларды жөн-  
деу жұмысының қолға шындап алынба-  
ғандығын айтағанының өзінде, жөндеу  
мастерскойлары әлі күнге жұмысқа да-  
йын болған жоқ. Жөндеуші механизматор-

лардың іске толық қосылмауы  
нан октябрдің алғашқы он бес күндігінде  
малдымды ештеңе істелген жоқ. Бұл сов-  
хоздардың басшылары жөндеу жұмысы-  
ның төзгісіз нашар жүргізілуіне «қосал-  
қы бөлшектер жоқ» дегенді желеу еткісі  
келеді. Сөйтіп жоқ қосалқы бөлшектерді  
совхозға жеткізу, олармен жөндеуші ме-  
ханизаторларды қаптамасыз ету өздерінің  
міндеті екендігін ұмытады.

МТС-тер мен совхоздардағы жөндеу  
мастерскойларын қосалқы бөлшектермен  
жабдықтауда облыстық «Главмашбыт»  
мекемесіне, облыстық ауыл шаруашылы-  
ғы басқармасының және совхоздар тресі-  
нің материалдық-техникалық жабдықтау  
басқармалары мекемелеріне зор міндеттер  
жүктеледі. Бұл мекемелер әрбір МТС мен  
совхоздағы жөндеу мастерскойларының  
қажет еткен қосалқы бөлшектерін жете  
біліп, олардың бұл жөніндегі тілектерін  
деркәзінде орындап отыруға тиіс. Алайда  
аталған мекемелердің басшылары Жданов-  
вич, Потапов, Шахмаев жолдастар өздері-  
нің міндеттеріне жауаптылықпен қара-  
май, МТС-тер мен совхоздарды қажетті  
қосалқы бөлшектермен жабдықтап алмай  
келеді. Облыстық ауыл шаруашылығы  
басқармасының бастығы Көробов, совхоз-  
дар тресінің директоры Зенченко жолда-  
стар жоғарыда аталған мекемелердің жұ-  
мысына үнемі бақылау жасап, олардан  
МТС-тер мен совхоздарды қосалқы бөл-  
шектермен қаптамасыз етіп отыруды  
үнемі талап етіп отыруға тиіс.

Облыстың көп МТС-тері мен совхозда-  
рында тракторларды және басқа да ауыл-  
шаруашылық машиналарын қоятын орын-  
дар, әсіресе гараж, қойма, бетондалған  
алаң, жанына алаң сыяқты орындар өте  
тапшы. Бұл сыяқты орындарды дайын-  
дау, жөндеу жұмыстары әсіресе Семишол-  
ка және Соколов МТС-терінде мүлдем қа-  
нағаттанғысыз.

Тракторларды күзгі қысқы жөндеу  
маусымының басталғанына бірнеше күн  
өтті. Осыған қарамастан көп МТС-тер мен  
совхоздарда жөндеуге қойылуға тиіс  
тракторлар және басқа да ауылшаруашы-  
лық машиналары егіс алаңдарынан МТС-  
тердің, совхоздардың жөндеу мастерской-  
ларына жеткізілмей, далада жатыр. Қыс-  
тың түсуіне санаулы ғана күндер қалды.  
Ол машиналарды кәзірден бастап мастер-  
скойларға жеткізіп алмаса, қысқы күндері  
жеткізудің қиыныра түсетіні мәлім.

## Қоғамдық малға жайлы қора, құнарлы жемшөп жеткілікті әзірленсін

### Біздің мал қыстатуға әзірлігіміз

Колхозымыздың мал шаруашылығы  
жылдан-жылға өркендей түсіп, мал басы  
төл есебінен көбейіп келеді. Олардан алы-  
натын өнімде едәуір артты. Колхозшылар-  
дың да қоғамдық мал шаруашылығын  
өркендетудегі ынта-жігері арта түсті.  
Біздің кәзіргі жағдайда алға қойып отыр-  
ған ең негізгі мақсатымыздың бірі—малды  
ойдағыдай қыстатуға әзірлік болып та-  
былады. Таяуда ғана қабылданған Қазақ  
ССР Министрлер Советі мен Қазақстан  
КП Орталық Комитетінің мал қыстатуға  
әзірлену және оны өткізу туралы қаулы-  
сын ферма малылары өзара талқылай  
келіп, ондағы көрсетілген кейбір көмшп-  
ліктердің біздің колхозымызда да орын-  
алып отырғанын ескеріп, оны жою ту-  
ралы көптеген жұмыстар істеді.

Колхоз малылары жаз айларында  
мал күтімне ерекше көңіл бөліп, олардың  
қонын жақсартты. Мұнымен бірге мал  
қораларын жөндеу, жаңа қора салу жұ-  
мыстарын қызу түрде жүргізіп келеді.  
Кәзіргі кезде бұл жұмыстардың қарқын-  
ы күшейе түсті. Мал қораларын жөндеуге,  
жаңа қоралар салуға арнаулы бригадалар  
бөлінген болатын. Ол бригадалар басқа  
жұмыстарға ауыстырылмады. Жаз бойы  
өздеріне бекітіліп берілген жұмыстарда  
жетеді. Бұл бригадаларды Ж. Мажкеев жо-  
не М. Исаев жолдастар басқарады. Олар-  
дың құрамында құрылысшылар: ағаш  
шеберлері, ұсталар болды.

Бірінші бригаданың құрамында алты  
адам бар. Ол бригаданы Мажкеев жолдас  
басқарады. Бригада барың ескі қора-  
ларды толық жөндеуден өткізіп, жаңа бір  
қой қорасын және бір сыйыр қорасын  
салды. Бригада құрамы социалистік  
жарыста егін даласында еңбек етіп жүр-  
ген егіншілерден қалысқан жоқ. Екінші  
бригаданың құрамында бес адам жұмыс  
істейді. Бұл бригаданы М.Исаев жолдас  
басқарады. Оның бригадасы да өздеріне  
бөлініп берілген ескі мал қораларын то-  
лық жөндеуден өткізіп, жаңалан бұзау  
үйін, сыйыр қорасын және қой қорасын  
салып бітірді.

Бұл жұмыстарда құрылысшылар қа-  
жырлы еңбек етті. Әсіресе, жаңа салып-  
ған қоралардың іргесіне тас тасу жұ-  
мыстарында, қолхозымыздың таңаулы

### Маңызды іске мән бермеушіліктің салдары Совет ауданында мал қыстатуға әзірлік нашар

СОМ Орталық Комитеті сентябрь Плен-  
умының тарихи қаулысы елімізде қо-  
ғамдық мал шаруашылығын өркендету-  
дің орасан зор маңызы бар екенін, мұ-  
ның өзі халқымыздың әл-ауқат мәдени  
дерекесін барған сайын жақсартып ғана  
қоймай, жеңіл және тамақ өнеркәсіптерін  
шығылмен қаптамасыз ететіндігін атап  
көрсетті. Сондықтан да бұл қаулыны  
мінсіз жүзеге асыру—аса жауапты мін-  
дет болып саналады.

Совет ауданының жекелеген колхоздары  
мен совхоздары мал шаруашылығын өр-  
кендетуге айырықша маңыз беріп, істің  
бұл саласында едәуір табыстарға ие бо-  
лып келеді. Ондай шаруашылықтардың  
қатарына Каганович атындағы колхозды  
қосуға болады. Бұл колхоздың мал өсіру-  
шілері жыл сайын мал өсірудің жоспа-  
рын әрбір түлік бойынша артығымен  
орындап келеді. Малдан алынатын өнім  
де арта түсуде. Олар мұндай табысқа  
мал қыстатуға үлгілі әзірлену, оны ұйым-  
шылдықпен өткізу, малды жазда бағуға  
ерекше көңіл бөлу арқылы жетісіп ке-  
леді.

Қызыл совхозының коллективі де өт-  
кен мал қыстатуды үлгілі өткізе бітпе-  
лерінің нәтижесінде былай мал басын кө-  
лдейту, оның өнімділігін арттыру ісінде  
ілгері қадам басты. Мал шаруашылығы-  
ның өркендей түсуі совхоздың мемлекетке  
етті, сүтті, жүнді, мол тапсыруына мүм-  
кіндік берді.

Мұндай алдыңғы қатарлылардың саны  
ауданда көптеп саналмайды. Көпшілік  
колхоздар мал өсірудің жоспарын әрбір  
түлік бойынша толық орындай алмай  
келеді. Әсіресе ірі қарамаалдарды, оның  
ішінде сауын сыйырларды өсіру жоспары  
өткен жылы да, бұйыл да орындалмай  
қалды. Колхоздардың көпшілігі мемле-  
кетке сүт, жүн тапсыру жоспарын орын-  
дамай келеді.

Осындай елеулі кемшіліктердің орын-  
алуы себебі неде? Алдымен көп колхоздар  
мал шаруашылығының дағдыры шешіле-  
тін кезең—қысқы маусымға тыңғылық-  
ты әзірленбейді. Ал мал қыстатуға үлгілі  
әзірленбегендіктен қыста мал қоны тө-  
мендеп, шығыны болады. Осыдан барды

қарқынды жүргізілуін әрбір колхоздың  
басшыларынан қатаң талап ететін уақыт-  
тары жеткен болар. Керек десе, бұл  
ауданның колхоздарында әлі күнге дейін  
5382 гектар шабылған шөп осы уақытқа  
дейін маялданбай, кіреде жатып шырш  
бүлінуде. Бұдан асқан сорақылық бола-  
ма?

Жыл басында «Аралаған» колхозының  
басшылары 100 бастық бұзау үшін, 500  
бастық қой қорасын, 1000 бастық құс  
үйін және 200 бастық сыйыр қораларын  
саламыз деп, оны колхоздың өндірістік  
жылдық жоспарына енгізді. Ама қанша,  
бұл жақсы бастама аяқсыз қалды. Әлі  
күнге дейін бірде-бір қораның құрылы-  
сы аяқталған жоқ. Оған колхоз басшыла-  
рының мал қораларын салуға жете көңіл  
бөлмегендіктері негізгі себебі болды. Олар  
құрылыс бригадасының тоқтаусыз, өнімді  
жұмыс істеуіне жетісе алмады. Құрылыс-  
шылар материалдармен және жұмыс  
адамдарымен жеткілікті мөлшерде қаптам-  
масыз етілмеді.

«Қазақстанның 30 жылдығы» колхозы  
аудандағы ең ірі колхоздардың бірі. Бұл  
бұрынғы шағын алты колхоздан ірілен-  
ген шаруашылық. Алайда соңғы жылдар  
бойы колхозда бірде-бір мал қорасы са-  
лынған жоқ. Жыл сайын қоғамдық мал  
басы көбеюде. Рас колхоз 1950 жылы  
стандартты сыйыр қорасының құрылыс  
жұмысын бастаған болатын. Бұған міне  
төрт жыл өтті. Осы уақытқа дейін бұл  
қора салынып біткен жоқ.

Ауданда мал қораларын салудың тап-  
сырмасы айдаңайға орындамай келеді.  
Бұған ауданның партия, совет ұйымдары  
кінәлі деуіміз керек. Өйткені бұл ұйым-  
дардың басшылары колхоз басшыларынан  
құрылыс салудың тапсырмасы орында-  
луын қатаң талап етпейді. Ал МТС бас-  
шылары бұл жөнінде колхоздарға әлі  
күнге дейін іс жүзінде көмек көрсете  
алмай келеді.

Ескі қораларды жөндеу жұмыстарының  
жайы да нашар. Молотов атындағы,  
«Красное поле», «Красный полтавец» кол-  
хоздары бұл іске кіріскен жоқ. Шынында  
мал қораларын жөндеуге аталған колхоз-  
дарда жұмысшы күші жеткілікті. Бірақ

## Құрылыс мамандарын даярлау ісі ұлғайтылуда

Құрылысшы маман инженерлер даяр-  
лау едәуір ұлғайтылды. Жоғары оқу  
орындарының өнеркәсіп, азаматтық құры-  
лыс және жол машиналарының инженер-  
лерін даярлайтын факультеттеріне қо-  
сымша 1300 студент қабылданды. Еліміз-  
дің құрылыстарында істеген ұшжылдық  
стажы бар, техникумдарды бітірген, бол-  
маса толық емес жоғары білімі бар адам-  
дарды да қабылдау жүргізілуде. Олар үшін  
5 жыл оқудың орнына, қысқа курс—екі  
жыл төрт ай оқу мерзімі белгіленді. Сол  
сыяқты, кешкі және сырттан оқытатын  
құрылысшылар даярлайтын жоғары  
оқу орындарына қабылдау да кеңейтілді.  
Бұл жоғары оқу орындарында таяудағы  
3 жыл мерзім ішінде құрылысшы-прак-  
тикер үшін оқу мерзімі 6 жылдың орны-  
на 4 жылға қысқартылды.

Жаңа құрылысшы инженерлер инсти-  
туттары Свердловта, Алматыда, Иркутскі-  
де, Хабаровскіде және Сталинскіде (Кеме-  
ров облысы) ашылады. Құрылысшылар  
даярлайтын факультеті Магнитогор таукен  
институтында да ашылды. Құрылысшы-  
инженерлер даярлау Белоруссия мен  
Азербайжандағы политехникалық инсти-  
туттарда да ұлғайтылып отыр. Кәзіргі  
құрылысшылар даярлайтын жоғары оқу  
орындарында экскаваторлар, скреперлер,  
бульдозерлер, бетон аралағыштармен бас-  
қа да машиналар көрсетілетін үйрену-  
құрылыс алаңдары ұйымдастырылады.

(СОТА).

## Севастопольді қорғаудың 100 жылдығына

КАМЧАТКАДАҒЫ ПЕТРОПАВЛОВСК, 15  
октябрь. (СОТА). Камчатка жұртшылығы  
Севастопольді ерлікпен қорғаудың 100  
жылдығын кеңінен атап өтуге дайында-  
луда. Бұл күндері Камчатканың облыстық  
өлкетану музейінде жүзеген адамдар бо-  
лып, 1854 жылғы Петропавловскіні қор-  
ғаудың тарихымен танысуда.

Кәсіпорындарында, мекемелерде, оқу  
орындарында Севастопольді қорғаудағы  
ерлердің даңқты ерліктері, орыс соғыс-  
теңіз флотының тамаша дәстүрі туралы  
кеңестер өткізілуде. Қалалық партия ко-  
митетінің кітапханасында Севастопольді  
қорғаудың 100 жылдығына арналған көр-  
ме ашылды.

## Ұлы Октябрдің 37 жылдығы құрметіне шахты резервтері

КЕМЕРОВА. Қузбасс кеншілері Ұлы Ок-  
тябрдің 37 жылдығын лайықты табыс-

тырылмай отыр. Іетін жайы осылай бола тұрса да, аталған МТС-тердің директорлары Богданов, Мальченко және Быков жолдастар жөндеу мастерскояларының жөндеу жұмысына дайындау, тракторларды және басқа да егіске қажетті ауылшаруашылық машиналарын жөндеуге қою, жөндеуші механизматорлар арасында еңбекті дұрыс ұйымдастыру істеріне нақтылы басшылық етпей келеді.

Семинолка МТС-інде тракторларды және ауыл шаруашылығының басқа да машиналарын жөндеуге қажетті қосалқы бөлшектер мүлдем жеткіліксіз. Бұл МТС-тің жөндеу мастерскоясында негізгі жөндеу станоктары және бұрғылау станоктары жұмысқа дайындалмаған. Ал МТС-тің директоры Мальченко жолдас станоктарды дайындату, қосалқы бөлшектерді жеткізу жұмыстарын ұйымдастырмай, қосалқы бөлшектермен жөндеу мастерскоясын қамтамасыз етуді облыстық жабдықтау орындарынан күтіп, жайбарақаттықта отыр. МТС-тегі бұл жағдайды Октябрь ауданының басшылары, атап айтқанда аудандық партия комитетінің бірінші секретары Патудько, аудандық Совет атқамінін председателі Мусин жолдастар жақсы біледі. Бірақ олар тракторларды және егіске қажетті басқа да ауылшаруашылық машиналарын жөндеуге уақыт жетеді деген пікірмен жөндеу жұмысын ұйымдастырған түрде жүргізуді МТС басшыларынан талап етпей келеді.

Тракторларды күзгі-қысы жөндеу маусымы совхоздарда да тиісті дәрежеде басталмады. Бұл совхоздарда бұл жұмыстың барысы мейлінше баяу. Мәселен, Қызылөзер, Торангүл, Шағы совхоздарында жөндеу жұмысына мастерскоялардың толық дайын болмауынан, жөндеуші ме-

Бірақ бұған МТС-тердің және совхоздардың басшылары жете назар аудармай отыр. Мұндай жағдай Николаев, Майбылық, Приешім, Коновалов МТС-терінде бар. Сондықтан МТС-тердің басшылары жөндеуге қойылуға тиіс барлық машиналарды кәзірден бастап жөндеу мастерскояларына жеткізуді ұйымдастырулары керек.

Жоғарыда жөндеу мастерскояларында еңбек ұйымдастыру ісі тиісті дәрежеде емес дедік. Бұл жұмысты жақсарту, жөндеуші механизматорлар арасында социалстік жарысты кеңінен өрістетіп, жарыста қабылданған міндеттемелердің орындалуына жетісу, озаттардың тәжірибелерін насихаттап, өндірісте жаппай өрлеу туғызу—МТС, совхоз партия және кәсіподақ ұйымдарының маңызды міндеттерінің бірі ретінде саналады. Бұл ұйымдар жөндеуші механизматорлардың тілектеріне үнемі құлақ асып, олардың материалдық және мәдени қажеттерінің барлығын өтеп отыруға тиіс. Жөндеуші механизматорлардың тұрғын үйімен, асханамен, мәдениетті тынығатын клуб, қызыл мүйіс, кітапхана сияқты қоғамдық орындармен жақсы жабдықталуына ерекше назар аударылуы керек.

Машина-трактор парктерінің көктемгі егіске барлық жағынан тыңғылықты әзірленуі алдағы жылғы егістің қысқа мерзімде және агротехникалық жоғары дәрежеде өткізілуіне толық мүмкіншілік жасайды. Сондықтан жергілікті партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық органдарының басшылары тракторларды, егіске қажетті басқа да машиналарды күзгі-қысы жөндеуден деркесінде және сачалы өткізуге үнемі нақтылы басшылық жасап отырулары керек.

## Севастополь қаласын Қызыл Ту орденімен наградтау туралы

СССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы

1854—1855 жылдардағы Севастопольді қаһармандықпен қорғаудың жүзжылдығына байланысты және Севастопольдің Отанымыздың алдында сіңірген зор еңбектері ескеріліп, Севастополь қаласы Қызыл Ту орденімен наградталсын.

СССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі К. ВОРОШИЛОВ.

СССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Н. ПЕГОВ.

Москва, Кремль. 16 октябрь 1954 жыл.

## 35 мың гектар зябь жыртылды

Булаев ауданы колхоздарының колхозшылары мен МТС механизматорлары СОКМ Орталық Комитеті июнь Пленумының қаулысын жүзеге асыра отырып, келесі жылы егіннен мол өнім алуға әзірлікті тыңғылықты жүргізуде. Олар көктемгі егіс жұмыстарының қысқа мерзімде сапалы өткізілуі пар мен зябьтің көп дайындалуына тығыз байланысты екендігін жете түсініп, зябь жыртыуды егін жыйнаумен қатар жүргізді. Бұл істе қолда бар техника күші тиімді пайдаланылды. Ал мұның өзінгі нәтижесін де берді. Демек, аудан 16 октябрьде зябь жыртыу жоспарын толық орындап шықты.

Калинин атындағы МТС-тің қамтуындағы колхоздарда зябь жыртыу 15 октябрьде орындалды. Бұл аймақтағы «Победа» кол-

хозында жоспардан тыс 400 гектар зябь жыртылды. Осы колхоздағы Бутенко жолдастың басқаруындағы комсомол жастар трактор бригадасының мүшелері жоғары көрсеткіштерге ие болды. Олар техниканы жұмысқа өнімді пайдалану арқылы өздеріне берілген зябь жыртыудың тапсырмасын біржарым есе орындады.

Булаев МТС-нің қамтуындағы «Новый путь» колхозының колхозшылары жоспар бойынша 3200 гектар зябь жыртыу керек болса, олар 3600 гектар зябь жырты. Тракторшылар Алексеевко және Шевченко жолдастар «ДТ-54» тракторымен өз сменаларында үнемі 10-11 гектар зябь жыртын отырды. «Гигант» колхозында да 3457 гектар зябь жыртылып, жоспар асыра орындалды.

шоферлары ерекше көзге түсті. Колхозда 6 машина тоқтаусыз жұмыс істейді. Олардың төртеуі Ленинград қаласынан келген. Бұлардың ішінде, әсіресе үлгілі еңбек еткендер—М. Митин, А. Антонов және ленинградтық П. Андреев жолдастар. Бұлар егін жыйнау науқанында да астық тасуда қажырлы еңбек еткен болса, кәзіргі кезде өз машиналарымен мал қораларын жөндеуге ақырғы бөренені, ақырғы құрылыс жабдықтарын жеткізіп, құрылысшылар бригадаларын материал жабдықтарымен қамтамасыз етті.

Колхозшылардың ерекше назар аударған екінші мәселесінің бірі—мал азығын дайындау болды. Сондықтан да колхозшылар қоғамдық мал үшін 28 мың центнер сапалы шөп әзірлеп, олардың тең жартысынан астамын мал қораларының жанына тасып жеткізді. Оның үстіне 126 сауын сыйырға 3 мың центнерден астам азық сүрледі. Бұл дайындалған азық қоғамдық мал үшін әлі де жеткіліксіз. Сондықтан да бөш шөп шабу жұмысын тоқтатқанымыз жоқ. Шөп шабу, шабылған шөпті мал қоралары жанына тасу кәзір қызу жүргізілуде. Шөп шабуға бұл күндері кең алымды шөп машиналары үздіксіз жұмыс істейді.

Мал өсірушілер өткен жылғы мал қыстатуда орын алған кемшіліктерді ескере отырып, үстіміздегі жылы ол кемшіліктерді қайталамас үшін мал қыстатуға осылайша тыңғылықты әзірленуде. Олар мал қыстатуды барлық жағынан үлгілі әзірлікпен қарсы алып, оны ұйымдастырған түрде бастады. Сөйтіп, қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуде ең негізгі міндет жүзеге асырылады.

Қ. АҒАЖАНОВ.

Ленин ауданы, «Булақ» колхозының председателі.

да мал шаруашылығының өнімділігін жоғары маусымдардан қыста әлде қайда кем болады. Осындай кемшіліктер өткен жылғы «Аралаған» колхозында кеңінен орын алды. Мұнда малға азық тапшы болды. Мал шығынына жол берілді. Осының салдарынан колхоз бйылы мал өсірудің және мал шаруашылығы өнімділігін арттырудың мемлекеттік жоспары орындай алмады.

Мал азығын жеткілікті мөлшерде әзірлемейінше мал қыстатуды ұйымшылдықпен өткізуге болмайды. Бұл қағида Совет ауданының басшыларына, колхоз председателдеріне, МТС директорларына әбден белгілі. Олардың қайсысы болсын жемшөп дайындау кезінде даурықпалы думанға салынып, колхоздарда жемшөп дайындау жұмысының қарқынды жүргізілуін қамтамасыз етпеді. Шынында Совет ауданында шабындық жерлер өте көп. Полудень, Булаев, Конохов, Петропавл аудандарының бірқатар колхоздары осы ауданның колхоздарынан келіп шөп шапты. Сөйте тұра Совет ауданының көпшілік колхозы шөп шабу жоспарын орындай алмады.

Мал азығын дайындау «Еркіндік», «Ігілік», Ленин атындағы колхоздарда да төзгісіз жағдайда. Осыған қарамастан бұл колхоздар шөп шабуды мүлдем тоқтатып қойды деуге болады. Аудан колхоздарының көпшілігінде пішеншілер бригадалары таратылып жіберілген. Көптеген өздігінен жүретін және тіркеме кеңалымды шөп машиналары қарап тұр. Шөп шабудың қанағаттанғысыз ұйымдастырылуынан ауданда жемшөп дайындау жоспары небары 46 процент ғана орындалды. Бұдан аудан басшыларының нақтылы қорытынды шығарып, шөп шабу, шабылған шөпті маялау жұмыстарын

деген Зиянды шіркідің шырмауына түскен.

Сүрленген азықты көптеп әзірлеудің маңызы ерекше күшті. Атап айту керек, бұл ауданның колхоздары, сол сияқты МТС, аудан басшылары мал азығын сүрлеу ісіне ат үсті басшылық жасады. Осының салдарынан жемшөп сүрлеу жоспары аудан бойынша небары 29,8 процент ғана орындалып отыр.

Дайындалған мал азығын қоралар қасына тасу ісі, әсіресе «Красное поле» колхозында төзгісіз жағдайда. Мұнда қоралар қасына мал азығын тасуға күш келігі мен жұмыс адамы әлі күнге дейін бөлінбеген. Жағдай «Қазақстанның 30 жылдығы», «Новый быт» колхоздарында да осындай.

Мал азығының жеткіліксіз дайындалуы себепті бығыл колхоздардың көпшілігі малға сабан мен топанды беруді кеңінен ұйымдастырады. Сондықтан бұл іске осы бастан мұқият әзірлену керек. Ол үшін әрбір фермада ірі мал азықтарын тұрақты механизмдер мен азық буландырғыштардың болуына жетісу қажет. Бірақ бұл іске ауданның бірде-бір колхозы әзір болмауы қынжыларлық іс.

Ауданда мал қыстатуға әзірліктің жайы осындай төзгісіз. Солай бола тұрса да аудан басшылары мұндай елеулі кемшіліктерге төзімділік жасап келеді. Олар мал қыстатудың ұйымшылдықпен өтуін қамтамасыз етуі үшін әрбір колхоздың бұл маусымға үлгілі әзірленулерін қамтамасыз етулері керек. Мал шаруашылығын өркендету міндеті—олардан осыны талап етеді.

Т. КӘДІРОВ.  
С. ТЕМІРБАЕВ.

таратп қарсы алғын доғандықпен өтек алған жарыста алдыңғы қатарлы еңмір өндіру орындары жаңа табыстарға жетті. «Сталинуголь» тресті мен № 7-6 «Багановичуголь» трестінің «Черная гора» шахталары он айлық программаны мерзімінен бұрын орындады. Сол сияқты, ноябрь айының есебіне Белов руднигі Бачатский мен Краснородский разрездерінің шахтерлері де көмір бере бастады.


«Куйбышевуголь» трестінің Дмитров атындағы шахтасының кеншілері ішкі резервтерді орынды пайдалану үшін табандылықпен күресуде. Олар жұмысты бірқалыпқа түсіріп, жоспарлы тапсырманы үнемі асыра орындайды. Жыл басынан бері шахта кеншілері бірнеше әшелон көмірді жоспардан тыс өндіріп, 9 ай ішінде көмірдің өзіндік құнын кемітуден 450 мың сом үнемледі.

## Жаңа темірбетонды бұйымдар

КИПИНЕВ, 15 октябрь. (СОТА). Молдаван ССР-ы қалалық және селолық құрылыс өндіріс кәсіпшілік министрлігінің комбинаты темірбетонды құрама фермаларды шығаруды игерді. Бұл фермаларға төбе тіреулері бекітілетін ағаш тақтайлармен жасалған темірбетонды бөренелер қаланады. Бұл құрылыс жұмысын едәуір шапшаңдатумен бірге, арап материалдарын үнемдеуге мүмкіндік береді.

Кәсіпорындарында темірбетонды құрама бұйымдарды шығарудың жаңа түрлері меңгерілуде. Терезе блогының алғашқы формасы құйылды, темірбетонмен төбені қайтадан жабудың бөлшектерін дайындау ісі де меңгерілуде.

Өткен жылғы осы мерзіммен салыстырғанда, құрылыс бөлшектерін өндіру 2,5 есе артты.



СЕВАСТОПОЛЬ. (Солдан оңға қарай): 1. Примор бульварында апат болған кемелерге қойылған ескерткіш. 2. Нахимов проспектісі. (СОТА-ның фотохроникасы).

# Облыс партия оқуы жүйелерінде жаңа оқу жылы басталды

## Нәтижелі жұмыс істеймін

Жаңа оқу жылында насихат жұмысын ойдағыдай жүргізуде алғашқы сабақтың маңызы зор. Насихатшы алғашқы сабаққа ерте әзірленіп, оның сапалы өтуіне жетісуі, алғашқы күннің өзінде-ақ тыңдаушылардың ынталылығын арттыра білуі керек. Бұл үшін, меніңше, тақырыпты баяндау үстінде де және оны талқылау кезінде де тыңдаушыларды әңгімеге түгел қатыстыруға, сөйтіп аудиторияны қалыпты атмосферада ұстауға тырысу қажет. Мен өз тәжірибemde, көбінесе, осы мақсатпен тыңдаушылар арасында пікір таласының жиі тууына ұмтыламын. Бұл — қажетті жағдай және ол тыңдаушылардың материалды берік ұғынуға белсенділігі мен ынталылығын арттырады деп ойлаймын. Быйыл алғашқы сабағымыздың тақырыбы В. И. Лениннің «Империализм — капитализмнің жоғарғы сатысы» деген еңбегі туралы болды. Мен алғашқы кіріспе әңгімеде тыңдаушыларға В. И. Лениннің еңбегі жөнінде түсінік берместен бұрын алдын-ала жасалған жоспарға сәйкес осы еңбектің жарыққа шығуы қарсаңындағы дүние жүзінде және әсіресе Россиядағы экономикалық және саяси жағдайға тоқталдым. Әңгіменің жанды, қызығалықты болуы үшін көрнекі құралдар ретінде дүние жүзінің саяси картасын, тақырыпқа сәйкес диаграммалар мен схемаларды пайдаландым. Бұған бір академиялық сағат кетті. Екінші сағатта осы тақырып бойынша тыңдаушылардың пікір алысуын ұйымдастырдым. Бұл үшін оларға жетекші сұрақтар беріп отырдым. Сонымен алғашқы сабақтың өзінде-ақ тыңдаушылар пікір алысудың нәтижесінде алған мәліметтерінің тынақты болуына жетісті.

Алғашқы сабақ — үлкен істің басы ғана. Бүкіл жыл бойы өз жұмысының нәтижелі, тыңдаушыларды қанағаттандыратын болып өтуі үшін насихатшының творчестволық жоспары болуға тиіс. Мәселен мен быйылғы жылы сабақ өткізу әдісін кей жағдайда жаңартуды да қарастырдым. Өткен жылы менің тәжірибemde көлемді тақырыптар бойынша лекция оқу болмады. Мұндай істің быйыл қажет болатыны сөзсіз.

Насихатшының еңбегі жемісті болуы үшін оған жан-жақты көмек ұйымдастыру керек. Алайда, өткен оқу жылында мен темір жол басқармасының саяси бөлімінен тынақты көмектер ала алмадым. Саяси бөлім жанындағы семинарлар көп жағдайларда өтпей де қалып жүрді. Насихатшылардың семинарларында оқылған лекциялар тыңдаушыларды аз қанағаттандырды.

Саяси бөлім мұндай кемшіліктерден быйыл әлі де дұрыс қорытынды жасамай отыр. Мен көзін көбінесе қосымша әдебиеттерге өте мұқтажбын. Алайда саяси бөлімнің кітапханасында қажетті әдебиеттерді табу қиын.

Быйылғы жылы насихатшылардың семинарларын теориялық және методикалық жоғары дәрежеде өткізуге бар күш-

## Тыңдаушылардың ынтымақтылығын арттыра беру керек

Кешкі сағат 5. «Главмука» мекемесінің күндізгі сменасындағы жұмыс күні аяқталды. Жұмысшылардың біртөбесменен кейін үйлеріне қайтпай, мекеме кеңсесінің үйіне кіріп жатты.

Аз уақыттың ішінде мекеме директорының кабинеті жұмысшылар мен қызметшілерге лық толды. Бұлар СОКП тарихын үйренетін негізгі типті үйірменің тыңдаушылары. Өткен жылы олар партия тарихының бірінші оқу жылына арналған оқу программасы бойынша үйренгенді. Быйыл үйірме тыңдаушылары партия тарихының екінші жылға арналған оқу программасы бойынша үйренбек. Үйірме тыңдаушыларының қызметтері әртүрлі болғанымен, олардың жалпы білімдері біркелкі сыяқты. Коммунистер шофер Поротинов, мастерской меңгерушісі Иванов, взвод командирі Глухов және басқаларының бөрінің де 5—7 кластық ғана білімдері бар. Міне сондықтан да олар «БК(б)П тарихының қысқаша курсы» көлемінде маркстік-лениндік білім алу үшін насихатшылардың көмегін қажет етеді. Осы себепті партия ұйымының бір топ коммунистері партия оқу жүйесіндегі үйірмеде оқуға тілек білдірді.

Тыңдаушылардың асыға күткен алғашқы сабағы басталды. Партия ұйымының секретары Молчанов жолдас коммунистерді партия оқуы жүйесіндегі жаңа оқу жылымен құттықтап, маркстік-лениндік ілімді меңгеру жолында олардың жұмысы жемісті болуына тілектестік білдірді. Мұнан кейін Молчанов жолдас тыңдаушыларды насихатшы Ломакин жолдаспен таныстырды. Ломакин жолдас бұл үйірменің тыңдаушыларымен бірінші рет кездескені болмаса, партия оқу жүйесінде он жылдан астам жұмыс істеген тәжірибелі насихатшы. Оның ортадан жоғары дәрежелі білімі бар. Сондықтан насихатшының тыңдаушылар да жатырақан жоқ. Үйірме тыңдаушылары саяси білім міндетін алу үшін насихатшының көмегесе алатынына күмәнданбады.

Өткен оқу жылында үйірме тыңдаушылары «БК(б)П тарихының қысқаша курсының» алғашқы алты тарауын үйренгенді. Насихатшы тыңдаушыларға сабақты «қысқаша курстың» VI тарауын қайталаудан бастауды ұсынды. Сөйтіп, ол бұл тарау бойынша жалпы шолу жасады. Насихатшы әңгімесінің желісінде өзінің даярлығы жеткілікті, материалды жақсы білетінін байқатты. Бір қуанаарлық мәселе сол—насихатшы өзінің әңгімесінде «қысқаша курс» көлеміндегі материалдармен қанағаттанбай, тараудың мазмұнына байланысты Лениннің «Империализм — капитализмнің жоғарғы сатысы» деген еңбегін орындап пайдаланды. Сонымен қатар ол «ССРО тарихы» оқулығының тақырыпқа байланысты мәселелерін баяндай білді. Насихатшы сабақта көрнекі құралдың, әс-

жолдас көрнекі құралсыз сабақ ұйымдастыру қызықты болмайтынын айтты. Бұл өте дұрыс. Өйткені, партия тарихының белгілі кезеңдерін баяндайтын диаграмма, альбом сыяқты көрнекі құралдарды, саяси және әкімшілік карталарды үнемі пайдалану, оған тыңдаушыларды дағдыландыру үйірме сабағындағы ең шартты мәселелердің бірінен саналады.

«Главмука» партия ұйымының жанындағы үйірмеде алғашқы сабақ, жоғарыда айтылғандай, ұйымшылдықпен басталды. Дегенмен насихатшы Ломакин жолдасының сабақты ұйымдастыруда елеулі кемшіліктері де болмай қойған жоқ. Ол кемшіліктер мынада: насихатшы жалпы шолу жасағанда жүрделі, басты мәселелеріне назар аудармай, тақырыптың бүкіл мазмұнын айтып беруге тырысты. Осының салдарынан кейбір мәселелер жөнінде тыңдаушыларға толық ұғым берілмеді. Екіншіден, насихатшы партиямыздың сол кездегі теориясы мен тарихының көзгі тезді қандай маңызы бар екенін ашпады.

Ломакин жолдас бірінші дүниежүзілік империалистік соғыстың шығуын және оның себептерін түсіндіру үшін 20 минут уақыт жұмсады. Алайда ол империалистік соғыстың сыйпатын, империализм дәуірінде капитализм үшін соғыс табиғи және заңды нәрсе екенін, соғыс дүниені жаңадан қайта бөлу үшін басталғанын мазмұнды баяндай алмады.

Империалистік үкметтердің қайсысы болсын дүниені қайта бөлуді, жұмысшы табын, бүкіл еңбекшілерді қанауды көздеген бірінші дүниежүзілік соғыстың сыйпатын өз отанымызды қорғау үшін соғысып жатырмыз деп бүркемеді. Буржуазияның халықты алдауына II Интернационалдың өшпіншілері тікелей көмектесті. Бұл мәселелер насихатшының әңгімесінде толық талдауын таппады. Әңгімеде коммунистік III Интернационалдың құрылуы, оның революциялық күштерді біріктіруі жөнінде сөз болмауы бізді қатты қызықтырды.

Осы сыяқты, насихатшы империализм және пролетарлық революция дәуірінде социализмнің ең алдымен бірнеше елде немесе бір елде жеңіп шығуы мүмкіндігі жөніндегі лениндік теорияны, бұл теория империализмнен бұрынғы капитализм дәуірінде марксистер арасында болған күсқаудан негізінен өзгеше екенін жалпылама, жалаң түсіндірді.

Насихатшының әңгімесінде мұндай кемшіліктердің болуы тыңдаушылардың белсенділігін керісінше әсер етпей қойған жоқ. Олар тақырыпты қайталауға қатысады. Мезенцев, Филиппов жолдасар насихатшыға сабақта тыңғылықты дағдыландырып келу жөнінде ескертпе жасады. Олардың тілегі өте орынды. Насихатшы сабақта тыңғылықты әзірленіп, тыңдаушылардың маркстік-лениндік ілімді үйренуге деген ынталылықтарын арттыра

## Күрес және жеңіс тарихын үйренемін

Мен быйыл Киров атындағы заводта СОКП тарихын үйренетін комсомолертер үйірмесінде бірінші жыл оқыймын. Жетімпаз партиямыздың тарихын өздігімен үйренуге білімім жеткіліксіз болғандықтан мен үйірмеде оқығанды дұрыс көрдім. Өйткені, мұнда насихатшы сабақты жүйелі түрде өткізіп, біздің саяси білімімізді көтеруге тікелей көмек жасап отырады және кейбір қиын мәселелер жөнінде консультация алып отыруға мүмкіншілік жасайды.

Біздегі алғаш өткен сабақтың өзі бұл ойымызды анықтай түсті. Бірінші сабақты насихатшы Коммунистік партияның туу негіздерін және ол өткен күрес жолдарын баяндауға арнады. Бұдан Коммунистік партияның тарихы — нағыз күрес және жеңіс тарихы, марксизм-ленинизмнің жүзеге асырылуы екендігін жете түсіндік. Біздегі әр комсомолер туысқан Коммунистік партияның тарихын жете үйреніп, өмірдегі прогресшіл жаңа көріністерді іске асыру жолында осындай батыл күрескер болғысы келеді. Сондықтан бұл үйірмеде оқушы комсомолертердің маркстік-лениндік теорияны берік меңгеру жолында ынталылықтары барған сайын артуда.

Үйірменің бірінші сабағы өтісімен-ақ комсомолертер марксизм классиктерінің еңбектерімен таныса бастады. Мен өзім марксизмнің алғаш шығармасы «Коммунистік партияның манифесін» оқын шығып, концепті жасауға кірістім. Оқылған еңбектер мен тыңдаған лекцияларым бойынша жасаған концептілерім де бар.

Мен үйірмеде жақсы оқып, үлгілі тыңдаушы болу үшін бар ынтамды салудамын. Өйткені туысқан Коммунистік партияның күрес және жеңіс тарихын үйрену — әрбір комсомолердің абройлы міндеті.

Н. МУДАРИСОВ.

Үйірме тыңдаушысы.

## Ұйымшылдықпен басталды

Булаев ауданында партия оқу жүйесіндегі жаңа оқу жылы зор ұйымшылдықпен басталды. Ұзынкөл совхозының партия ұйымы быйылғы жылы коммунистердің тілегін ескере отырып, СОКП тарихын үйрену жөніндегі үш негізгі типті үйірме ұйымдастырды. Бұл үйірмелерді басқаруға тәжірибелі насихатшылар Ашуха, Габдуллин жолдасар қамтылды. Олар алғашқы күннің сабақтарын жақсы дайындықпен өткізді.

«Новый путь» колхозында негізгі типті үйірмеге (екінші жыл оқытылуы) жазылған 12 тыңдаушы алғашқы сабаққа түгел қатысты. Олар өздерінің қадірлі насихатшысы, бастауыш партия ұйымының секретары Воронкин жолдасының партия тарихы қысқаша курсының VII тарауы бойынша өткізген әңгімесін зор ықпалмен

## Әрбір колхоз бен совхозда тұқымды жеткілікті әзірлейік

СОКП Орталық Комитеті июнь Пленумының қаулысы колхоздар мен совхоздарды аудандастырылған сапалы, сортты тұқыммен қамтамасыз ету ісіне айырықша көңіл бөлді. Пленум қаулысы тұқымдық учасоктерден жыйналған тұқым келесі жылдың егісіне жеткіліксіз болған жағдайда онда басқа мол өнімді учасоктердің өнімінен тұқым қорын қажетінше құйып алуды ұйымдастыруды жергілікті партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық органдарынан талап етті. Мұның өзі колхоздар мен совхоздарда тұқым қорын жеткілікті мөлшерде әзірлеуге қолайлы жағдай жасады.

Облыстың алдыңғы қатарлы колхоздары егін жыйнау, астық дайындау жұмыстарымен бірге келесі жылдың егістеріне тұқым әзірлеу ісін қат-қабат жүргізіп, істің бұл саласында елеулі табыстарға ие болды. Соколов ауданындағы Ленин атындағы, Конохов ауданындағы «Красная крепость», «Путь Ленина», Ленин ауданындағы «Тропинка Ильича» колхоздары тұқым дайындау мәселесіне ерекше назар аударып, келесі жылдың егісін шығымдылығы мол тұқыммен кәзірдің өзінде толық қамтамасыз етті. Олар тазартылған және кептірілген тұқымды астық қоймаларына тасып үюде.

Конохов ауданындағы «Пятилетка» колхозының колхозшылары өздерінің барлық күш-мүмкіншіліктерін 1 ноябрьге дейін келесі жылдың егісін сапалы тұқыммен қамтамасыз етуге жұмылдыруда. Олар барлығы 4500 центнер дөңді дақылдардың тұқымын әзірлеу керек болса, оның 3 мың центнерін кәзірдің өзінде тазартып, шығымдылық сапаға жеткізді, сөйтіп оны астық қоймаларына тасып алды. Приешім ауданының Калинин атындағы, Киров атындағы колхоздарының колхозшылары да тұқымды тазарту, оны кептіру жұмыстарын үлгілі жүргізуде.

Алайда барлық жерде тұқым дайындау ісінің жүйелі біркелкі болмай отыр. Бірқатар аудандарда әлі күнге дейін тұқым құю жоспары орындалған жоқ. Жағдай, әсіресе Петропавл МТС-нің қамтуындағы колхоздарда нашар. МТС директоры Любарь, МТС-тің бас агрономы Чернышев жолдасар колхоздарда тұқым құю жоспарының толық орындалуын қамтамасыз ете алмай келеді. Бұл МТС-тің қамтуындағы колхоздарда тұқым құю жұмысы егін жыйнау, астық дайындау жұмыстарымен ұштастырыла жүргізілмеді. Колхоз басшылары келесі жылдың егісіне сапалы тұқым әзірлеу ісін мүлдем естен шығарды. Мұның ақыры МТС бойынша тұқым құю жоспарының небары 54 процент ғана орындалуына әкеліп соғып отыр. Жағдай Шағлы, Соколов және Коновалов МТС-терінде де осындай деуіміз керек.

Көп жерлерде бастырылған тұқымдық дән тазартылмай қырандарда жатыр. Мұның өзі тұқымдық дәннің өңіштік сапасы кемуді негізгі себеп болуда. Соколов ауданындағы Киров атындағы колхозда (председателі Киселев, агрономы Головин жолдасар) тұқым құю ісінің жайы мүлдем нашар. Мұнда бастырылған

луін, сөйтіп, қоймаларға тасылуын ұйымдастыруды колхоз басшыларынан қатаң талап етпей келеді.

Келесі жылы облысымызда егіс көлемі быйылғыдан екі есеге жуық ұлғайтыла-лы отыр. Бұл міндеттің мінсіз жүзеге асырылуы егіс көлеміне сапалы тұқымның жеткілікті мөлшерде әзірленуіне тікелей байланысты. Сондықтан тұқым құю және оны өңіштік сапаға жеткізу ісіндегі орын алып отырған кемшіліктерді үзілді-кесілді жою — жергілікті партия, совет ұйымдары мен колхоз, МТС, совхоз басшыларының және агрономдардың маңызды міндеті болып саналады. Олар өткен жылы тұқым құюдағы орын алған кемшіліктерден быйыл нақтылы қорытынды шығарып, оның қайталануына жол бермеуге тиіс.

Үетіміздегі жылы бірқатар колхоздарда тұқымдық учасоктердің егін жауынды күндері жыйналды. Осы себепті бастырылған астықтың дымқылдылығы мол. Колхоз басшылары мен агрономдар мұндай тұқымдық дөңді тазарту, кептіру жұмыстарын үлгілі жүргізуге, бұл іске колхозшы шаруаларды жұмылдыра білуге тиіс. Ал МТС басшылары тұқым тазартуда колхоздарға нақтылы көмек көрсетуге, ол үшін МТС-тердегі астық тазартқыштардың тоқтаусыз күні-түні жұмысқа өнімді пайдаланылуын қамтамасыз етуге міндетті.

Сапалы тұқым әзірлеуде колхоздарға тұқымдық байқау лабораториялары іс жүзінде көмек көрсетуге тиіс. Олардағы агрономдар әрбір колхоздағы тұқым қорының сапасын тезінен тексеруге тиіс. Бірақ бұл шаруашылықтардың агрономдары осы уақытқа дейін жайбарақаттыққа салынып, тұқым сапасын тексеруді кешіктіруде.

Тұқымның қыс күндері бүлінуіне жол бермеу үшін оны кәзіргі уақытта шығымдылық сапаға жеткізу керек. Тұқымдық дөңді шөп-саламан тазартып, кептіріп қоймаларға тасып алған жағдайда ғана олардың дұрыс сақталуына жетісуге болады. Бұған әрбір колхозда, совхозда күш-мүмкіншілік мол. Мәселе колхоз, совхоз, МТС басшыларының бұл іске айырықша көңіл бөлулерінде болып отыр.

Дөңді дақылдардан басқа техникалық, майлы және малазығындық дақылдардың тұқымын әзірлеу де маңызды міндет. Облыс колхоздарында бұл дақылдарды жыйнау жұмысының аяқталғанына едәуір уақыт өтсе де, тұқым әзірлеу ісінің жайы өте-мөте нашар. Июнь Пленумының қаулысына сәйкес тұқымның жеткілікті мөлшерде дайындап алуға ерекше көңіл бөлді. Бірақ Петропавл, Соколов, Мамлют аудандарының колхоздарында картоп тұқымын әзірлеу ісі әлі аяқталған жоқ.

Жергілікті партия, совет ұйымдары мен колхоз, совхоз және МТС басшыларының кәзіргі негізгі міндеті — келесі жылдың егісіне тұқым қорын дақылдың әрбір түрі бойынша жеткілікті мөлшерде әзірлен алу болып саналады. Бұл міндеттің мінсіз жүзеге асырылуы келесі жылы дөңді дақылдардан, картоптан, майлы,

құрылыстарды жұмсау қажет. Бізде осы уақытқа дейін насихатшылардың тәжірибе ауыстыруына аз көңіл бөлінді келді. Меніңше, осы мақсатпен тәжірибелі бір насихатшының сабағына жаппай қатысып, оны кеңінен талқылауды тәжірибеге енгізу дұрыс деп ойлаймын.

Партия ұйымдары насихатшыларға күнбе-күн осындай нақтылы қамқорлықтар мен көмектер көрсетіп отырса, партия оқуы жүйесіндегі жаңа оқу жылын сабақтардың идеялық мазмұны терең, сапасы жақсы дәрежеде өткізілуімен аяқтауға толық мүмкіндік бар.

**А. ГУРСКАЯ.**

Темір жол емханасы жанындағы СОКП тарихын үйрену жөніндегі жоғары типті үйірменің насихатшысы.

болмауына орынды қысқылды. Ломакин

## АЛҒАШҚЫ ЛЕКЦИЯ

Маркстік-лениндік теорияны өздігінен үйренуші жолдастарға көмек ретінде Преснов станицасында партия кітапханасы жанынан лекторий ұйымдастырылған болатын. Лекторлар құрамына жеткілікті даярлықтары бар насихатшылар қамтылды.

Партия оқуының алғашқы күнінде лекторийде халық көп болды. ҚКП аудандық комитетінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі Кәрімбаев жолдас жыйнақтарды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, алдағы міндеттерге тоқталды. Бұдан кейін Преснов орта мек-

тебінің көп жылғы еңбегі үшін жуырда ғана Ленин орденімен наградалған мұғалімі Шухова жолдас тыңдаушыларға В. И. Лениннің «Халық достары» деген кімдер және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?» деген еңбегі жөнінде лекция оқыды. Лекцияның әресе соңғы бөлімдерінде Совет Одағы Коммунистік партиясының және туысқан Коммунистік партиялардың дүниежүзілік ролі нақтылы мысалдармен бекітіліп, жақсы көрсетілді. Шухова жолдас өзінің жақсы даярлығымен тыңдаушыларды риза етті.

**М. НҮРҒОЖИН.**

Быйыл маркстік-лениндік теорияны өздігінен үйренушілердің саны едәуір көбейген болатын. Сондықтан аудандық партия комитеті аудан орталығында, МТС-тер мен совхоздарда оларға арнап лекторийлер ұйымдастырды. Бұларда СОКП тарихы, саяси экономия, маркстік-лениндік философия, социалистік өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының экономикасы, халықаралық жағдай және басқа да мәселелер жөнінде белгіленген расписаниеге сәйкес лекциялар оқылмақ. Партия оқуының алғашқы күні Чистов совхозында таңдаулы насихатшылардың бірі Марков жолдас «СОКП тарихы—марксизм-ленинизмнің жүзеге асырылуы» деген тақырыпта лекция оқыды.

**Б. ЖАҚЫПОВ.**  
(8з тілшіміз).

Техникалық және маманындық дақылдардан мол өнім алуға мүмкіндік береді.

**Ф. НАБОКОВ,**

ҚКП облыстық комитетінің ауыл шаруашылығы бөлімі меңгерушісінің орынбасары.

## КЕЛЕСІ ЖЫЛДЫҢ ЕГІСІ ҮШІН ТҰҚЫМ

Көнжухов ауданындағы «Пятилетка» колхозының колхозшылары егіншіліктің мәдениетін арттыруда бірқатар табыстарға ие болды. Колхозда егіс көлемі өткен жылғыдан быйыл едәуір ұлғайтылып, одан жақсы өнім жыйналды.

Колхозшылар келесі жылдың егісіне осы бастан тыңғылықты әзірленуде. Олар егіннен мол өнім алу сапалы тұқым дайындауына тығыз байланысты екендігін

жақсы түсінген. Сондықтан да колхозда тұқым құю, құйылған тұқымды тазарту жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Мұнда 3 мың центнер жаздық бидайдың тұқымы «ВИМ» астық тазартқышымен тазартылып, қоймаларға тасылып алынды. Мұнда тұқымдық сұлыны, арпаны тазарту жұмыстары да үлгілі жүргізілуде.

**Б. БАҚАЕВ.**

## ЖАҢА КІТАПТАР

# САЯСИ ЭКОНОМИЯ ОҚУЛЫҒЫ

Саяси экономия оқулығы жарыққа шықты\*). Бұл оқулықта маркстік-лениндік теорияның біртұтас құранды бөлегі—пролетарлық саяси экономияның негізгі проблемалары түсінікті түрде баяндалып, жұмысшы табының революциялық жұмысы үшін оның орасан зор маңызы бар екені көрсетіліп отыр.

Саяси экономия оқулығы былай құрылған: Кіріспе, «Капитализмге дейінгі өндіріс тәсілдері», «Капиталистік өндіріс тәсілі» (монополистік дәуірге дейінгі және монополистік капитализм — империализм), «Социалистік өндіріс тәсілі» деген тараулар. Қорытынды. Оқулықтың әрбір тарауы қысқаша қорытындылармен аяқталады.

Оқулықтың Кіріспесі саяси экономияның предметі мен методын анықтауға, шын мәнісінде ғылыми экономия болып табылатын пролетарлық саяси экономияның буржуазиялық және ұсақ-буржуазиялық экономиядан түбірлі айырмашылығын ашып көрсетуге арналған.

Оқулықтың Кіріспесінде жұмысшы табының ұлы көсемдері және теоретиктері К. Маркс пен Ф. Энгельстің пролетарлық саяси экономияны жасаушылар ретіндегі ролі сыпатталады. «Капитал» дейтін классиктің еңбегінде К. Маркс капитализмнің тууы, өсуі және өшуі заңдарын ашып, социалистік революцияның сөзсіз болатынын және пролетариат диктатурасын орнатылатынын экономикалық жағынан дәлелдеп берді. Маркс пен Энгельс капитализмнен социализмге өту дәуірі туралы және коммунистік қоғамның екі фазасы туралы ілімнің жалпы бейнесін жасап берді.

\* Саяси экономия, оқулық, 640 бет, Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы, 1954. Оқулықты құрамына К. В. Островитянов, Д. Т. Шепилов, Л. А. Леонтьев, И. Д. Лаптев, И. И. Кузьмин, Л. М. Гатовский, П. Ф. Юдин, А. И. Пашов, В. И. Переслегин кірген экономистер коллективі жазған. Статистикалық материалдарды іріктеп алуға және өңдеуге В. Н. Старовский қатысқан.

*Оқушылардың тілектерін ескеріп жариялауып отырған бұл мақалада ССРО Ғылым академиясының Экономика институты әзірлеген саяси экономия оқулығының мазмұны қысқаша баяндалып отыр.*

Маркс — Энгельстің ісін кеменгерлікпен алға апарушы В. И. Ленин, деп атап көрсетілген оқулықта, марксизмнің экономикалық ілімін творчестволықпен дамытып, байытты. Ол тарихи дамудың жаңа тәжірибесін қорытып, империализм туралы маркстік ілім жасады, кәзіргі замандағы капитализмнің негізгі экономикалық заңының түпкі қағидаларын көрсетіп, капитализмнің жалпы кризисі туралы ілімнің негіздерін талдап шешті, социалистік революцияның жаңа теориясын жасап, социализм мен коммунизм орнатудың негізгі проблемаларын ғылыми жағынан талдап шешті.

Шын мәнісінде ғылыми саяси экономияны жасап берген Маркстің, Энгельстің және Лениннің еңбектеріне сүйене отырып, Лениннің ұлы серігі және шәкірті—И. В. Сталин саяси экономияның бірқатар жаңа қағидаларын ұсынып, ілгері дамытты.

Маркстік-лениндік экономикалық теория Совет Одағының Коммунистік партиясы мен туысқан коммунистік партиялардың қарарларында, бұл партиялардың басшыларының жұмыстарында онан әрі ілгері дамытылды.

### I.

Оқулықтың бірінші тарауында капитализмге дейінгі өндіріс тәсілдерінің: алғашқы қауымдық, құл иеленушілік, феодалдык дәуірдегі өндіріс тәсілдерінің экономикалық қатынастары баяндалады. Сонымен бірге алғашқы заманның қоғамдық ұғымдары, құл иеленушілік және феодализм дәуіріндегі экономикалық көзқарастар баяндалып беріледі.

Оқулық осы экономикалық замандардың әрқайсысында болған өндіріс күштердің жайы мен өндірістік қатынастардың сыйпаты туралы ұғым береді. Мұнда капитализмге дейінгі формациялардың әртүрлі даму сатыларындағы өндірістік қатынастардың өндіріс күштердің сыйпатына міндетті сәйкестілігі туралы заңның қймылдарына талдау жасалады.

Оқулықтың авторлары әлеуметтік-экономикалық формацияларды сыйпаттауды алғашқы қауымдық құрылыстан бастайды, өйткені адамзат қоғамының тарихы осы құрылыстан басталады. Бұл дәуірде өндіріс құрал-жабдықтары мүлде қарапайым болды, адамдар тіршілікке керекті құралдарды тек топтасып қана өндіре алатын еді, өндіріс құрал-жабдықтарына жеке меншіктің коллективтік сыйпаты болды, ал өнім шағын қауымдықтар шеңберінен шықпайтын теңгерменшілік принципі бойынша бөлінді.

Оқулық оқушыға қоғамдық-экономикалық формациялардың ауысу заңдарын түсіндіреді. Өндіріс күштер өзінің дамуына қарай алғашқы қауымдық құрылыс жағдайында болған өндірістік қатынастарға қайшы келді. Алғашқы қауымдық құрылыстың басқа, неғұрлым жоғары сатыдағы формациямен ауысуы сөзсіз қажет болды. Ал, құл иеленушілік құрылыс дәуірі адамзат қоғамының дамуында алға басқан заңды қадам болып, ол өндіріс күштерді онан әрі өркендеті түсті. Құл иеленушілік құрылыс дәуіріндегі өндірістік қатынастардың негізі құл иеленушілердің өндіріс құрал-жабдықтары мен құлдарға толық жеке меншіктілігі болды.

Құл иеленушілік дәуіріндегі өндіріс тәсілінен бастан адамзат тарихы таптар күресінің — қанаушылар мен қанаушылар күресінің дәуіріне қадам басты. Қоғамның таптарға бөлінуі нәтижесінде қоғамның қаналышы көпшілігін қанаушы азшылықтың басып-түншықтыратын аппараты ретінде мемлекет жарыққа шықты.

Бұдан кейінгі дәуірде құл иеленушілік құрылыс тұсындағы өндірістік қатынастар өсіп келе жатқан өндіріс күштерге

сай келуден қалды, мұның өзі бұл құрылыстың сөзсіз өшуін күн ілгері шешті.

Оқулықтың авторлары құл иеленушілік дәуіріндегі өндіріс тәсілінің орнына феодалдык құрылыстың қалай келіп, орнағанын, оның қоғамның өндіріс күштерін дамытуға жаңа мүмкіндіктер ашқанын баяндайды. Феодалдык қоғамның өндірістік қатынастарының негізі феодалдык жерге жеке меншігі және өндіріс қызметкерге — крепостной шаруаға толық емес меншігі болды. Уақыт озған сайын феодалдык қоғамның өндірістік қатынастары өндірістік күштердің дамуына бірте-бірте бөгет бола бастады. Феодалдык қоғамдағы өндіріс күштер мен өндірістік қатынастардың арасындағы бұл тартыс буржуазиялық революциялардың экономикалық негізі болды, буржуазиялық революциялар феодализмді құртып, өндіріс күштерді дамытуға белгілі дәуірге дейін мүмкіндік ашып берген капиталистік өндірістік қатынастардың үстемдігін орнықтырды.

Оқулықта капитализмге дейінгі формациялардың экономикалық қатынастарына жасалған талдау дәуірі өткен бір өндіріс тәсілдерінің өшуінің объективтік себептерін, басқа, неғұрлым прогресшіл тәсілдердің сөзсіз жеңетінін баяндайды.

Капитализмге дейінгі формациялардың даму заңдарын зерттеудің білу үшін ғана емес, сонымен қатар практика үшін де маңызы бар. Империалистер құлданған көптеген халықтардың экономикасында феодалдык, ал кей жерде алғашқы қауымдық қатынастар әлі күнге дейін едәуір мөлшерде сақталып отыр. Капитализмге дейінгі формациялардың объективтік экономикалық заңдарын білу және істе қолдану бұл елдердегі азаттық қозғалысының ерекшеліктерін неғұрлым дұрыс түсінуге мүмкіндік береді.

### II.

Саяси экономия оқулығының екінші тарауы капиталистік өндіріс тәсілінің экономикалық қатынастарын талдап шығуға арналған. Бұл тарауда капитализм заманындағы экономикалық ілімдерге қысқаша шолу жасалған.

Авторлар капитализмнің экономикалық құрылысы туралы маркстік ілімді баяндап, капитализмнің өндірістік қатынастарының негізі өндіріс құрал-жабдықтарына

жеке капиталистік меншік болып табылатынын көрсетеді. Өндіріс құрал-жабдықтарынан айрылған жалдамалы жұмысшылар табының болуы капитализмге тән нәрсе.

Бұл тарауда К. Маркстің қосымша күн теориясын жасағанын, сөйтіп капитализмнің негізгі экономикалық заңын ашып, капиталистік қанаушылықтың сырын әшкерелеп бергені айтылады.

«Капиталдың шоғырлануы және пролетариаттың қайыршылануы» деген тарау капитализмнің капитал шоғырлаудағы қайшылықтарын ашып береді. Мұнда буржуазияның қолындағы байлықтың үздіксіз өсіп отырғанын және жұмысшы табының относительді және абсолютті қайыршылануының үздіксіз процесін сыпаттайтын нақты материалдар келтірілген.

Оқушы капиталистік ұдайы өндірістің барысында капитализмнің негізгі қайшылығының — өндірістің қоғамдық сыйпаты және өнім иемденудің жеке меншікті капиталистік формасы арасындағы қайшылықтың қалай шиеленісетінін сыпаттайтын материалды кітаптан табады. Бұл оқтын-оқтын болып тұратын экономикалық кризистерден, пролетариат пен буржуазия арасындағы тап күресінің күшеюінен неғұрлым айқын көрінеді.

Бұл тарауда капиталистік өндіріс тәсілінің К. Маркс ашқан тарихи даму бағытына зор көңіл бөлінген. Өндіріс күштерді дамытып және өндірісті қоғамдастыра отырып, капитализм соның нәтижесінде бірінші жақтан, социализмнің материалдық алғышарттарын жасайды, ал екінші жақтан — оның өзіне көр қазушы пролетариатты тудырады, пролетариат барлық еңбекшілердің капитал тепкісінен азат етілу жолындағы революциялық күресін ұйымдастырып, басқарады.

Монополизмге дейінгі капитализмнің империализмге ұласып даму процесі оқулықта нақты материалмен баяндалады. Авторлар империализм заманындағы экономикалық процестерді теориялық жағынан қорытуда Лениннің атқарған ролін ашып береді.

Империализмге арналған тарауларда кәзіргі заманғы капитализмнің негізгі

экономикалық заңының қймылдары нәтижесінде империализмнің басты-басты қайшылықтарының: еңбек пен капитал арасындағы қайшылықтың, дүниежүзілік үстемділік үшін күресуші империалистік державалар арасындағы қайшылықтың, метрополиялар мен отарлар арасындағы қайшылықтың қалай қатты шиеленісіп отырғаны көрсетілген.

Бұл арада авторлар капиталистік елдердің империализм заманында экономикалық және саяси жағынан біркелкі өркендеуінің Ленин ашып берген заңын, социализмнің бір елде жеңу мүмкін екендігі туралы лениндік теорияны баяндаған.

Империализм дамуының барысына қарай капитализмнің жалпы кризисінің алғышарттары жыйнақтала түсті. Бұл кризис тұтас тарихи дәуірді алып отыр, ал бұл кризистің мәні капитализмнің күйрейтіндігі және социализмнің бүкіл дүниежүзілік көлемде жеңіп шығатындығы болып табылады.

Капитализмнің жалпы кризисі дүниежүзілік бірінші соғыс кезінде басталып, әресе Совет Одағының капиталистік системадан бөлініп шығуы нәтижесінде ерекше күшейе түсті.

Дүниежүзілік екінші соғыстың нәтижесінде және Европа мен Азиядағы халықтық-демократиялық елдердің капитализм системасынан бөлініп шығуы нәтижесінде жалпы кризистің екінші кезеңі басталды. Бұл кезеңде барлығын түгел қамтытын дүниежүзілік біртұтас капиталистік рынок бөлшектеліп, бір-бірінен қатарлас екі рынок құрылды, осыған байланысты басты-басты капиталистік елдердің дүниежүзілік ресурстарға күш жұмсау сферасы тарылды; империализмнің отарлық системасы құлдырай бастады. Капиталистік елдердің біркелкі өркендеуі мейлінше күшейіп, шаруашылық тұрмыста экономиканы милитарландыру барған сайын зор роль атқара бастады. Капитализмнің іріпшіруі саяси жағынан алғанда реакцияның күшеюінен, мемлекеттік құрылыстың фашистік төртінке айналдырылуынан айқын көрінуде.

# Тарихтың ұмытылмас беттері

## (1854-1855 жылдары Севастопольді қаһармандықпен қорғаудың 100 жылдығына)

Совет халқы, Совет Армиясы мен Соғыс-Теңіз Флотының жауынгерлері Севастопольді қаһармандықпен қорғаудың 100 жылдығын атап өтуде. Қаһарман қаланың аты әрбір совет адамына ардақты және ол отанымыздан тыс жерлерде кеңінен мәлім болды. Соңғы 100 жылдың ішінде Севастопольдің қамалдарында ең ірі екі шайқас болып, бұл шайқастар отанымыздың қаһарман ұлдарын мәңгі өшпес даңққа беледі.

Самодержавилік-крепостниктік құрылыстың ауыр жағдайында мызғымас рухының таңданарлық ұлылығын, жауларға қарсы ұрыстарда жан аямаған ерлік пен батырлық көрсете білген туған жерді шетелдік интервенттердің сұқтануынан қорғап қалған 1854—1855 жылдардағы Севастополь қорғанысы батырларының СССР еңбекшілері қасиетпен еске түсіруде.

Совет қарулы күштерінің жауынгерлері —орыс қаруы даңқының заңды мұрагерлері. Совет Армиясы мен Соғыс-Теңіз Флотын өркендетіп, нығайтудың барысында олар Ұлы Отанымыздың намысы, бостандығы және тәуелсіздігі жолындағы шайқастарда өздерінің ата-бабаларының жеңісті дәстүрлерін сан рет еселеп арттырды. 1941—1942 жылдардағы Севастополь қорғанысы осының айқын бейнесі болды. Басқа қаһарман қалаларды — Ленинградты, Сталинградты, Одессаны қорғаумен қатар Севастопольдің қорғанысы Ұлы Отан соғысының даңқты шежіресіндегі тамаша беттердің бірі болды.

1853—1856 жылдардағы Қырым соғысы Россия мен Европаның XIX-ғасырдағы тарихында едәуір роль атқарды. Бұл соғыс басқыншылық-отарлық мақсаттарды көздеген Англияның, Францияның және Түркияның, ал екінші жағынан, жер шарының бұл бөлегінде өз позицияларын нығайтуға тырысқан самодержавилік-крепостниктік Россияның экономикалық және саяси мүдделерінің Таяу Шығыста соқтығысуы салдарынан туды.

Соғыстың бас кезінде орыс әскерлері ірі-ірі табыстарға жетті. Қара теңізде адмирал П. С. Нахимов бастаған орыс эскадрасы 18(30) ноябрьде атака жасап, түрік флотын өз гавани—Синопта толығымен талқандады.

Түріктердің соғыста апатты жеңіліске ұшырауының халықаралық зор зардаптары болды. 1854 жылдың көктемінде Англия мен Франция Россияға соғыс жариялады. 1854 жылғы сентябрьде ағылшын-француз-түрік әскерлері Қырымға әкелдік түсіріп, сойтіп, Қырым соғыстың басты майданы болды. Севастополь соғыс қыймылдарының негізгі алаңына айналды.

Қаланың қорғанысын орыстың аса көрнекті флот қолбасшысы вице-адмирал В. А. Корнилов басқарды. Корниловтың басшылығымен Севастопольдің солдаттары мен матростары, қаланың барлық халқы қаһарын тіккен хәулікке қарамастан, бірнеше күннің ішінде қуатты бекіністер жасады. Дұшпан кемелерінің Севастополь

адмирал В. А. Корнилов болды. Жауынгерлік қызметтегі оның орнына адмирал П. С. Нахимов келді.

...1855 жылғы февральда орыс әскерлерінің бас командашысы Меншиковтың орнына Горчаков қойылды, бірақ Меншиков қандай батыл болса, Горчаков та сондай батыл болды. Николай I және оның төңірегіндегілер түкке тұрғысыз бұйрықтар мен жарлықтар жіберумен тыныш, дұшпан күш жыйнап жатқанда мүлде дерлік қыймыл жасамады.

Севастополь гарнизоны жауға тойтарыс беру үшін барлық шараларды қолданды. Ол дұшпанға үздіксіз тиісін, оның мазасын кетірді, жауға тиіскен бұл қыймылдарда орыс солдаттары мен матростарының моральдық-жауынгерлік тамаша қасиеттері: ерлігі, тапқырлығы, байсалдылығы, қолма-қол ұрысқа шеберлігі, шапшаң қыймыл жасауға еңгілігі толығымен, айқын көрінді.

Мұның мысалдарын көптеп келтіруге болады. Қаланың қоршауда қалған алғашқы айларынан бастап, 30-флот экинжының матросы Петр Кошканың даңқы шықты. Ол жауға тиісу қыймылдарына 18 рет қатысып, екі дүркін жаралап, жарасынан айыққаннан кейін іле-шала қайтадан қатарға қосылды. Григорий Андреев, Михайло Мартынюк, Севостьян Литвинов, Афанасий Елисеев, Федор Заика, Леонтий Шинкаренко, Василий Калинин және отанның басқа да көптеген ержүрек ұлдары сияқты Севастополь қорғанысы батырларының есімдері бүкіл елімізге мәлім болып, бұлардың жарқын есімдері көзіңізге уақытқа дейін ұрпақтардың жүрегінде сақталып келеді.

Май айында коалицияның Севастополь түбіндегі армиясының саны 200 мың адамға жетті. Қырымдағы орыс әскерлерінде 110 мың адам болды. Ал, Севастопольдің өз ішінде қаланы тікелей қорғаған 40 мың адам ғана күрестің бүкіл ауырталығына төтен берді.

Қаланың үздіксіз атқылануы Севастопольдіктердің күшін әлсіретті, бірақ олардың жауынгерлік рухын мұқата алмады. Дұшпан мыңдаған снарядтар жұмсап, мыңдаған адамдарынан айырылса да, қалаға басып кіруді көздеген ниетін жүзеге асыра алмады.

Севастополь қорғанысының басшысы және дем берушісі адмирал Нахимов 10 июльде өте ауыр жараланып, екі күннен кейін қайтыс болды. Өзінің сүйікті командирінен айырылған Севастопольдің гарнизоны ғана емес, тіпті бүкіл Россия атакты адмиралдың қайтыс болуымен байланысты қатты қайғырды.

Кейіннен, август пен сентябрьде жүргізілген бомбалаудың барысында қалаға артиллерия оғы күшті нөсердей жаудырылды. 8 сентябрьде ағылшындар мен француздар қалаға тіке шабуыл жасай бастады. Француз әскерлері зор шығынға ұшырап, тек Малахов қорғанын ғана алып үлгерді. Бұл жолы да тіке шабуыл жалпы алғанда сәтсіздікпен аяқталды. Севастопольдің даңқты қорғаушыларының қайтыс қайсарлығы, төзімділігі жә-

1941—1942 жылдары Севастопольдің қаһармандық қорғанысы 250 күнге созылды. Айбынды Совет Армиясы мен Соғыс-Теңіз Флотының жауынгерлері неміс-фашист тобырларының шабуылын ерлікпен тойтарып, оларды орасан зор шығынға ұшыратты. Басқа қаһарман қалалар —Ленинградтың, Сталинградтың, Одессаның аттары сыяқты, Севастопольдің аты да совет адамдарының ерлігі мен батырлығының, жауды толық жеңетіндігіне олардың шексіз сенгендігінің жарқын бейнесіне айналды. Севастополь қорғанысының әрбір күні тарихта ешбір теңдесі жоқ, естен кетпес ерліктер жасаған мыңдаған батырларды тудырды. Жауынгерлердің қатарын топтастырған, жеке басының өнегесімен жауынгерлерді отан үшін ерлік істерге жігерлендірген армия мен флот коммунистері Севастополь қорғанысының жан-жүйесі болды.

1941 жылдың күзінде Қырымға басып кірген неміс-фашист әскерлері Севастопольді ноябрьдің бас кезінде басып аламыз деп үміттенді. Гитлерлік командование соның өзінде адам мен ұрыс техникасының саны жағынан басым екендігіне үміт артты. Бірақ Севастопольді қорғаған Совет Армиясы мен Флоты бөлімдерінің болаттай берік табандылығы бұл жоспарлардың тас-талқанын шығарды.

Қаһарман қаланың қабырғасында қаза тапқан бес батырдың — Фильченконның, Дибульконның, Краснопельскийдің, Паршиннің және Одиновтың есімдерін совет адамдары ешуақытта да ұмытпайды. Бұл батырлар жаудың танктеріне қарсы күресіп, бір адым кейін шегінбестен, жан-аямай шайқасты. Немістердің алғашқы 7 танкі келген кезде оның үшеуі ілезде-ақ қатардан шығып қалды. Қалған танктер шегініп кетті. Біраз уақыттан кейін жау бұл жолы 15 машинаны атақара шығарды. Дибулько танктың нысана саңлауына пүлеметтен дәл атып, танктердің бірін істен шығарды да, екіншісін шұмақталған гранаталармен қыйратты, содан кейін ауыр жараланған кезінде үшінші танкты талқандады. Краснопельский екі танкты істен шығарып, батыр өлімімен қаза тапты. Топтың командирі, саяси жетекші Фильченко шұмақталған гранаталарды беліне байлап алып, жау танкінің астына жата қалып, танкты қыйратты. Паршин мен Одинов өз командирінің осы ерлігін қайталады. Бес совет батыры жауды өткізбеді. Совет Үкметі ержүрек жауынгерлерге Совет Одағының Батыры деген жоғары атақ берді, ал олардың ерлік жасаған жеріне ескерткіш орнатылды. Севастопольде мергендер қозғалысы кеңінен өрістетілді. 300-ден аса фашистерді жойып, Совет Одағының Батыры атағын алған мерген қыз Людмила Павличенконның даңқы бүкіл елімізге таралды.

Совет Армиясы мен Соғыс-Теңіз Флотының барлық жауынгерлеріне тән қасиет—жан аямас ерлік пен батырлық Севастопольдің даңқты қорғаушыларының ұрыстағы қыймылының нормасына айналды.

түрлері, ұрыс жабдықтары көптеген мөлшерде жасалды. Севастопольді қорғаушыларға бүкіл еліміз моральдық және материалдық жағынан орасан зор көмек көрсетті. Отан—ананың күшті қолдауымен жігерленген Севастопольдықтар өздерінің патриоттық борышын қасиетпен аброймен орындады. Біздің әскерлеріміз дұшпанды орасан зор шығынға ұшыратқаннан кейін 1942 жылғы 3 июльде ғана Жоғарғы Командованиенің бұйрығы бойынша Севастопольді тастап шықты. Қаһарман қаланың іргесінде дұшпан өзінің 300 мыңға жуық солдаттары мен офицерлерінен және орасан көп техникасынан айырылды. Севастополь қорғанысының маңызы Совет информация бюросының келесі күн жарияланған мынадай хабарында айқын білдірілді: «совет халқының Отан соғысында Севастополь қорғанысының соғыстық және саяси маңызы орасан зор... Севастопольдықтардың темірдей берік табандылығы немістердің атышулы «көктемгі шабуылын» күйреткен аса маңызды себептердің бірі болды. Гитлершілер уақыт пен қарқын жағынан ұтылып, орасан көп адамдарынан айырылды».

Туған қаланы қалдырып бара жатқан кезде, оны қорғаушылар Севастопольге қайтып ораламыз деп ант етті. Олар бұл антын аброймен орындады. 1944 жылғы майда неміс-фашист әскерлерінің Қырым тобын талқандаған совет әскерлері қаһарман қалаға жақындап келді. Севастопольдің айналасында дұшпан жасаған қуатты бекіністерді бұзып өту үшін совет әскерлеріне небары үш-ақ күн уақыт керек болды. 9 майда қаланың үстіне совет жалауы тігілді.

Ұлы Отан соғысы кезінде Совет Үкметі бірінші және екінші дәрежелі Нахимов ордендерін, Нахимов медалін және «Севастопольді қорғағаны үшін» медалін белгілеп, бұл ордендер мен медальдарды Совет Армиясы мен Соғыс-Теңіз Флотының мыңдаған жауынгерлері —солдаттар, матростар және офицерлер омырауына мақтанып сезіммен тағып отыр.

Совет халқының Коммунистік партияның басшылығымен Ұлы Отан соғысында жеткен бүкіл дүниежүзілік-тарихи жеңісі біздің қоғамдық және мемлекеттік құрылысымыздың жеңілмейтіндігінің айқын айғағы, социалистік мемлекеттің мызғымас қуатының айғағы болып табылады. Соғыс жылында Коммунистік партия халықпен бұрынғыдан да біте қайнасып, еңбекшілердің қалың бұқарасымен тығыз байланысын бұрынғыдан да нығайтты. Партия тәрбиелен өсірген Совет Армиясы мен Соғыс-Теңіз Флотының жауынгерлері адамзаттың тарихында бұрын болып көрмеген ерлік істердің өнегесін дүние жүзіне көрсетті.

Севастополь қорғанысының 100 жылдығын СССР еңбекшілері коммунизм құрылысында жеткен жаңа табыстары жағдайында атап өтуде. Қуатты совет державасы бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік



Жаңадан ұйымдастырылған Украина астық совхозындағы мектепте жұмысшылар мен қызметкерлердің балалары оқиды.

СУРЕТТЕ: Украина астық совхозында жаңадан ашылған мектеп. Суретті түсірген А. Розенштейн.

## Мектептердегі техникалық үйірмелердің жұмысы туралы

Көзір мектептерімізде политехникалық оқу бұрынғысынан да кең өріс алып, мазмұнды, әрі қызықты түрде жүргізілуде. Өйткені ол өтілетін материалдарды өмірмен тығыз байланыстыруға мүмкіндік береді, оқушылардың білімін тереңдете түседі, олардың келешекте өздеріне маңызды таңдап алуларына көмектеседі. Политехникалық оқуды толық жүзеге асыру үшін тек қана кластарда сабақ үстінде өткізілетін жұмыстармен қанағаттанып қоюға болмайды. Бұл жөнінде сабақтан тыс уақытта жұмыс істейтін үйірмелердің зор маңызы бар. Мұндай үйірмелердің бірі — техникалық үйірме.

Төменгі кластардан бастап оқушылардың әртүрлі модельдер, аспаптар жасауға үйір келетіні мәлім. Өрине, төменгі класс оқушыларының техниканың негізгі тараулары —двигательдер, электр, радио жөнінде мәліметтері болмағандықтан олар күрделі техникалық істермен айналыса алмайды. Сондықтан олар үшін мектептерде «Шебер қолдар» үйірмесі ұйымдастырылғы тиіс. Мұнда оқушылар картоннан, қағаздан, ағаштан математика, география, биология пәндеріне арналған көркем құралдар, самолет, экскаватор, корабльдердің модельдерін, үйлердің және басқа құрылыстардың макеттерін жасап үйренеді.

Жоғары класс оқушылары үшін ұйымдастырылатын техникалық үйірмелердің жұмысы бұдан өзгеше, күрделірек келеді. Көзір облыстық жас техниктер станциясы мен көптеген мектептерде электротехника, радиотехника, физика, химия, авиамодельшілер, киномеханиктер мен ауыл шаруашылығы машиналарын үйрену үйірмелері құрылып, жұмысқа кірісе бастады. Бұл үйірмелерде оқушылар іштен-іштен дүниелер мен басқа

Калинин атындағы № 5 орта мектепте, В. И. Ленин атындағы № 1 орта мектепте радиотраптарын қайтадан құрастырмақ.

Физика үйірмесінің мүшелері жұмыс істейтін электротрактордың моделін жасауды аяқтап келеді, ал жақында жас киномеханиктер үйірмесі теориялық әзірлікті аяқтап, өз беттерімен киноаспаптар беруге кірісетін болады. Үстіміздегі жылдың аяғына дейін станциядағы үйірмелердің саны 30-ға жетпек. Станция үйірме жұмыстарын жандандыра жүргізумен бірге өндіріс орындарына экскурсиялар ұйымдастырып отырады. Онда оқушылар озат совет техникасымен танысуға мүмкіндік алады. Мұнымен бірге үйірме мүшелерінің арасында техника жаңалықтарына арналған лекциялар мен баяндамалардың үзбей оқылып отырылуы жоспарланып отыр.

Техникалық үйірмелердің жұмысына М. И. Калинин атындағы № 5 орта мектептің оқушылары ұйымшылдықпен қатысуда. Мектепте радиотехника, физика және ағаш шеберлері үйірмесі ұйымдастырылған. Оларға 50-ден астам оқушылар қатысып жүр. Полудень ауданындағы Полудень және Токшын орта мектептерінде де техникалық үйірмелердің жұмыстары ойдағыдай жүргізілуде. Бұл мектептерде оқушылар әресе тракторшылар мен комбайншылар үйірмелеріне көптеп жазылды. Бұл үйірмелердің жұмысын МТС мамандары басқарады.

Оқушылардың техникалық үйірмелеріндегі жұмыстарына қорытынды шығарып отыру және олардың белсенділігін арттыру мақсатымен облыстық жас техниктер

шығанағына келіп кіруіне мүмкіндік бермеу үшін Қара теңіз флоты корабльдерінің бір бөлігі рейсте тұрған жерінде суға батырылды. Бұл корабльдердің адам құрамы мен қару-жарағы қалаға жеткізілді.

1854 жылғы 17 октябрьде душпан біздің қорғаныс шеңберімізді жаппай атқылай бастады. Бұл күн Севастопольді қарнардандықпен қорғаудың басталған күні ретінде тарихқа кірді. Қаланы қорғаушылар тамаша ерлік пен батырлық көрсетіп қана қоймай, сонымен бірге әскери өнердің асқан шеберлігін де көрсетті. Интервенттер үлкен шығынға ұшырап, тіке шабуыл жасауға дабыл күтіп тұрған өз әскерлерін ұрысқа тіпті де қоса алмады. Севастопольді қорғаушылар да үлкен шығынға ұшырады. Қаза тапқандардың ішінде қала қорғанысының басшысы вице-

не ерлігі тағы да жеңіп шықты. Артиллерияны іске жарамайтындай бүлдіріп, бекіністерді қыйратып, дәрі мен снаряд запастарын құртып, душпанға жарауы мүмкін нәрсенің бәрін өртеп, әскерлер 1855 жылғы 8 сентябрьде Севастополь шығанағының солтүстік жағалауына жүзіп өтті. Душпан ондаған мың адамдарынан айырылып, Севастопольдің оңтүстік бекіністерінің тек қыйраған, өртелген орнын ғана сыйпалап қалды. Қырымдағы соғыс жағдайы одақтастар армиялары үшін жақсармады, ал олардың күшінен айырылып, әлсірегені соншалық, тіпті олардың белсенді шабуыл қыймылдарын жасауға да шамасы келмеді.

Севастопольдің мәңгі өшпес даңқы Ұлы Отан соғысы жылдарында жаңа күшпен жарқырап көрінді.

Қапарман қаланы қорғаушыларды қара теңіз флоты белсене қолдады. Ол қалаға әскерлер, қару-жарақ және ұрыс жабдықтарын жеткізіп, жауды күшті атқылап, қоршауда қалғандарға көмектесті. Қара теңіз флотының корабльдері 1942 жылғы июльде ғана Севастопольге 103 жауынгерлік жорық жасады. Жауға қарсы шайқастың барысында Қара теңіз флоты теңізшілерінің қаланы қорғаған теңіз жағалауындағы армияның бөлімдері мен жауынгерлік достығы артып, нығай түсті. Жеке батырлар ғана емес, сонымен бірге тұтас әскери бөлімдер мен бөлімшелер естен кетпейтін ерліктер жасады.

Севастопольді армия мен флоттың бөлімдерімен бірге қалалық партия ұйымы басқарған қаланың барлық еңбекшілері қорғады. Қорғаныс кезінде Севастополь кәсіпорындарында қару-жарақтың бірнеше

дәстүрлерімен қорғаныс жасады. Демократия, прогресс жолындағы күрескерлердің бүкіл дүниежүзілік лагерінің алдығы сапында келеді. Жемісті, бейбіт еңбекпен шұғылданып отырған совет халқы агрессияшыл күштердің тіміскіленген әрекеттерін бір минут та ұмытпайды.

Совет Армиясы мен Соғыс-Теңіз Флотының жауынгерлері Ұлы Отанмыздың қасиетті шекаралары мен мемлекеттік мүдделерін қырағылықпен күзетуде. Олар жауынгерлік және саяси әзірлікте үсті-үстіне жаңа табыстарға жетіп, газырлар бойы біздің отанмызды құлдануға әрекеттеніп келген агрессорларға қарсы жан-қиярлық күресте тұған орыс патриоттарының даңқты жауынгерлік дәстүрлерін сақтап, еселеп арттыра түсуде.

Адмирал АНДРЕЕВ.

Бейбітшілік, демократия және социализм лагерінің нығаюы, империалистік лагерьдің әлсіреуі, метрополиалар мен отарларда пролетариат бастаған еңбекшілердің азаттық күресінің өрістеуі — осының бәрі көзіргі заманның капитализм күйрейтін заман, коммунизм жеңетін заман екенін көрсетеді.

Капитализмнің, әсіресе оның ақырғы — империалистік сатысының экономикалық заңдарын зерттеп білу тарихи дамудың бағытын, тап күштерінің орналасуын және тап күштері арасындағы кезіргі кезеңдегі күресті дұрыс түсінуге мүмкіндік береді, көзіргі заманғы капитализмнің ем қонбас кеселдерін жасыруға тырысатын буржуазияшы малайларды әшкерелеуге көмектеседі, құлдыққа түсірілген халықтарға империалистік тепкінен азат етілу жолын көрсетеді.

### III

Оқулықтың үшінші тарауында социалистік өндіріс тәсілінің экономикалық қатынастарына талдау жасалған.

Оқулықтың бірнеше тарауы капитализмнен социализмге өту дәуіріне арналған. Бұл тарауларда экономиканы социалистік негізде қайта құрудың негізгі жолдары баяндалған.

Маркс пен Энгельстің қағидаларына сүйене отырып, Ленин капитализмнен социализмге өту дәуірі туралы, пролетариат диктатурасы туралы біртұтас ілім жасап, жұмысшы табын, барлық еңбекшілерді социализм орнату жолдарын ғылым негізінде білуген қаруландырды.

Кітапты оқушы Коммунистік партияның объективті экономикалық заңдарға сүйене отырып, жұмысшы табы мен шаруалар одағын нығайтып, социализм орнатуды ұйымдастырғанымен танысады. Лениннің нұсқауларын орындай отырып, Совет Одағының Коммунистік партиясы елімізді индустриаландыруды және ауыл шаруашылығын коллективтендіруді ойдағыдай жүзеге асырып, капиталистік элементтерді жоюға жетті. Біздің еліміз жоғары дәрежеде өркендеген өнеркәсібі мен коллективті ауыл шаруашылығы бар қуатты социалистік державаға айналды.

Оқулықта халық шаруашылығының социалистік системасы мен оның экономикалық заңдары, социализмнің өндірістік

қатынастарының негізі ретіндегі өндіріс құрал-жабдықтарына социалистік меншіктің екі түрлі формасы (мемлекеттік, жалпыхалықтық, және кооперативтік-колхоздық меншіктер) сыйпатталады. Социалистік укладтың жарыққа шығуына байланысты туған социализмнің экономикалық заңдары, бұл укладты дамытудың барысында өзінің қыймыл жасауына барған сайын зор мүмкіншілік алып, социализм жеңгеннен кейін толық үстемдік құрған заңдарға айналды.

«Социализмнің негізгі экономикалық заңы» деген тарау Маркстің, Энгельстің, Лениннің еңбектерінде жасалған түпкі қағидалардың негізінде И. В. Сталин тұжырымдаған осы заңның мәнін ашып береді. Социализмнің негізгі экономикалық заңының талаптарын ескере отырып, партия мен үкмет совет халқының әл-ауқатын үнемі арттыру, қоғамдық өндірістің барлық салаларын жедел қарқынмен өркендету, соның өзінде өндіріс құрал-жабдықтарының өндірісін басымдырақ өркендету саясатын жүргізіп келеді.

Оқулықты оқушы арнаулы тарауда халық шаруашылығын жоспарлы (пропорциялы) түрде өркендету заңының мәні туралы, социалистік экономиканы өркендетудегі оның реттеуші ролі туралы сұраққа жауап табады, мемлекеттік органдардың халық шаруашылығына жоспарлы түрде басшылық етуде бұл заңды қалай пайдаланып отырғанымен танысады.

Партия мен үкмет, халық шаруашылығын жоспарлы түрде өркендету заңының талаптарына сәйкес, социалистік жоспарлау ісін өдістерін үнемі жетілдіріп келеді. Негізгі және шешуші көрсеткіштер жөніндегі жоспарлау ісін орталықтандыру дәйектілікпен жүзеге асырылып, сонымен бірге жергілікті органдардың, өнеркәсіп орындары мен колхоздардың өндіріске жоспарлы түрде басшылық етуге ішкі инициативасы дамытылып, жоспарлау ісінде әрбір экономикалық ауданның, ауылшаруашылық аймағының, әрбір кәсіпорының, колхоздың нақты жағдайына сәйкес жеке-жеке қарау әдісі қамтамасыз етілуде.

Социализмнің негізгі экономикалық заңын және халық шаруашылығын жоспарлы түрде өркендету заңын басшылыққа

ала отырып, Коммунистік партия мен Совет үкметі кәзіргі уақытта ауыр өнеркәсіпті онан әрі өркендету негізінде ауылшаруашылық өндірісін шұғыл өрге бастыру және халық тұтынатын заттар шығару программасын жүзеге асыруда. Шаруашылықтың жеке салаларының артта қалуын жою жөнінде шаралар қолданылып, жоспарлау ісіндегі қателіктер мен кемшіліктер түзетілуде.

«Социализм тұсындағы қоғамдық еңбек» деген тараумен танысып, оқушы социализм тұсындағы еңбектің ерекшеліктері туралы ұрым алады. Жұртқа мәлім, социалистік құрылыс еңбектің сыйпатын түбірімен өзгертеді. Еңбек тәртібі саналы тәртіпке айналады. Бірақ социализм тұсында еңбек әлі де болса адамның ең бірінші өмірлік қажетіне айналған жоқ. Бұған тек коммунизмнің жоғары сатысында ғана қол жетеді. Социалистік қоғамның алдында еңбек мөлшері мен тұтыну мөлшерін қатаң бақылау, ұсақ буржуазиялық теңгермеушіліктің қандай да болса көріністерін батыл жою міндеті тұр. Бұл міндет өнімді еңбекке қарап бөлудің экономикалық заңын пайдалану, еңбек өнімділігін арттыруға және қоғамдық өндірісті өркендетуге қызметкерлердің жеке басының материалдық ынтасын күшейту арқылы жүзеге асырылуда. Кәзіргі уақытта партия мен үкмет ауыл шаруашылығын өрге бастыру мақсатымен материалдық жағынан ынталандыру принципін дәйектілікпен пайдаланып отыр.

Оқулықтың авторлары коммунизм жеңісінің шешуші шарты ретінде еңбек өнімділігі мәселелеріне көп көңіл бөліп, еңбек өнімділігін үнемі арттыру социалистік қоғамның объективті экономикалық заңы екендігін көрсетеді.

Оқулықта материалдық өндірісте шұғылданатын қызметкерлердің еңбегі мен өндірістен тыс сферада шұғылданатын қызметкерлердің еңбегі арасындағы айырмашылық туралы айтылып, материалдық игіліктердің бәрі жасалатын материалдық өндірістің және өндірістен тыс сфераның арасында еңбек ресурстарын дұрыс бөлудің социалистік қоғам үшін маңызды екендігі ашып көрсетілген. Кәзіргі уақытта, халықтың тұтыну дәрежесін шұғыл арттыру міндеттері шешіліп жатқан кез-

де, материалдық өндіріс сферасында шұғылданатын еңбектің үлесін арттыру, басқару аппаратының құрылымын бәріненша ықшамдау, шамадан тыс ұлғайтылған штаттарды қысқарту, айналым шығындарын азайту және сондай шаралар ерекше маңызды.

Кітапта социализм тұсында өнім бөлудің негізгі формасы болып табылатын сауда сыяқты, социалистік экономикадағы күн заңының қыймылы мен байланысты ақша, финанс және кредит, шаруашылық есеп, рентабельділік, өзіндік күн және баға сыяқты экономикалық категориялар баяндалады.

Коммунистік партия мен Совет үкметі товар өндірісінің, күн заңының, ақшаның, шаруашылық есептің социалистік экономикадағы ролі туралы саяси экономияның қағидаларына сәйкес, бұл экономикалық формаларды еңбекшілердің әл-ауқатын үнемі арттыра беру, шаруашылықты неғұрлым ұқыпты жүргізу, өндірісті шапшаң өркендету мүдделері үшін барынша нығайтып келеді. Партия мен үкмет күн заңы қыймылының механизмін шаруашылық қызметкерлерінің меңгеруіне зор маңыз беріп отыр.

Оқулықтың жеке тарауы ауыл шаруашылығының социалистік системасын сыйпаттауға арналған. Бұл тарауда колхоздардың қоғамдық шаруашылығына, еңбеккүнге талдау жасалып, колхоздардағы дифференциалдық рентадың мәні мен формасы баяндалған. Коммунистік партия мен Совет үкметі кәзіргі уақытта еліміздің халқының азық-түлікпен қамтамасыз етілуін мықтап арттыру және сонымен бірге колхозшы шаруалардың әл-ауқат дәрежесін арттыру үшін ауылшаруашылық өндірісінің барлық салаларын жеделдету өркендетуде. Жерді неғұрлым толық және тиімді пайдалану, құнарлы тын және тыңайған жерлердің орасан көп көлемін игеру, ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығы мен мал шаруашылығының өнімділігін арттыру, колхоз өндірісін өркендетуде МТС-тердің ролін күшейту және совхоз өндірісін барынша өркендету колхоздарды ұйымдық-шаруашылық жағынан онан әрі нығайту аса маңызды міндеттер болып табылады.

Оқулық оқушыны социалистік ұдайы

да механизмдер жөнінде толық мәлімет алады, жұмыс істейтін радиоқабылдағыштар мен электродвигательдер жасауды үйренеді. Физикалық аспаптар, радио толқындары арқылы басқарылатын ұшатын авиомодельдер әзірлейді және техникалық эксперимент жасау процестерімен танысады.

Бұл үйірмелер, әсіресе, облыстық жас техниктер станциясында жақсы жұмыс істеп жүр. Үйірмелерді білімдері толық, арнаулы мамандықтары бар адамдар басқарады. Кәзір үйірмелерге қала мектептерінен 160 оқушы қатысып жүр. Радио-техниктер үйірмесінің мүшелері қалалық пионерлер Үйінде радиоторабын құрастыруда. Сол сыяқты, олар қаладағы М. П.

әртүрлі аспаптар мен радиоқабылдағыштарға конкурстер, үйірме мүшелерінің техникалық творчествосына арналған көрмелер ұйымдастырады және авиомодельшілер, кеме моделін жасаушылардың жарыстарын өткізіп отырады. Мұнда жақсы нәтиже көрсеткендер «Жас техник» значегімен наградталатын болады.

Техникалық үйірмелер политехникалық оқуды жүзеге асыруды жақсартудың бірден бір тиімді жолы болып табылады. Сондықтан оның жұмысын жақсарту беру оқытушылар мен мектеп басшыларының маңызды міндеті болуға тиіс.

А. КАЛИБЕРДА.

Облыстық жас техниктер станциясының директоры.

өндіріс теориясының және ұлттық табыстың негізгі проблемаларымен таныстырып, қор жыйнаудың және оны еліміздің экономикалық қуатын күшейту, халықтың әл-ауқатын арттыру үшін дұрыс бөлудің маңызын көрсетеді.

Социализмнің экономикалық проблемаларын баяндау, «Социализмнен бірте-бірте коммунизмге өту» деген тараумен аяқталады, бұл тарауда коммунистік қоғамның екі түрлі фазасы туралы маркстік-лениндік ілім баяндалып, социализмнен коммунизмге өтудің заңдылығы, ССРО-дағы коммунистік құрылыстың аса маңызды мәселелері сыпатталады. Ұлы Лениннің коммунизм туралы маркстік ілімді дамытып, байыта отырып, коммунистік қоғам орнату жолдары туралы негізгі қағидаларды қалай жасап бергені оқулықта айқын көрсетілген.

Оқулықтың қорытынды тарауларында халықтық демократия елдерінде социализм орнатудың негізгі проблемалары, олардың дамуының заңдылықтары мен ерекшеліктері баяндалған. Тараулардың біріңде европалық халықтық демократия елдерінің экономикалық құрылысы сыпатталып, бұл елдердің социалистік даму жолдары баяндалған. Оқулықтың арнаулы тарауы Қытай Халық Республикасының экономикалық құрылысына, Қытайдағы социалистік құрылыстың ерекшеліктеріне талдау жасауға арналған.

Капитализмнің дүниежүзілік системасына бөлініп шығып, Совет Одағымен бірге социалистік лагерь құрған елдер экономикалық жағынан топтасып, өзара тығыз ынтымақты күшейтті. Толық теңдік және өзара тиімділік, үлкенді-кішілі халықтардың мемлекеттік суверенитетін құрметтеу, туысқандықпен өзара көмектесу, барлық экономикалық байланыстарды, жоспарлы және ұйымдасқан түрде жүргізу принциптеріне негізделген халықаралық қатынастардың мүлде жаңа, социалистік тұрпаты жасалды.

Социалистік лагерьдегі елдер арасындағы қатынастар социализмнің экономикалық заңдарына негізделіп отыр, бұл қатынастар пролетарлық интернационализм принциптерінің бейнесі болып табылады.

Саяси экономия оқулығының жарыққа шығуы маңызды экономикалық проблема-

ларды неғұрлым белсене және творчестволықпен талқылауға көмектеседі. Авторлар алғымсөзде оқулықтың тексті онан әрі жақсарту жұмысын бұдан былай да жүргізе береміз деп жазған. Оқушылардың тілектері мен ұсыныстары, саяси экономияны жоғары оқу орындарында оқулық бойынша оқыту тәжірибесі, экономикалық және басқа кафедраларда жыйнақталған материалдар кітап авторларының бұл жұмысына көмектеседі, бұған күмән жоқ.

\* \* \*

Маркстік саяси экономия идеяларының жұмысшы табы үшін және оның авангарды — коммунистік партиялар үшін олардың капитализмге қарсы, коммунизмнің салтанаты жолындағы күресінде бірінші дәрежелі маңызы бар. Экономикалық заңдарды білу қоғамдық процестерді дұрыс түсінуге, экономикалық дамудың барынша ғылыми негізде болжауға және экономикалық заңдарды коммунизм жолындағы күрестің мүдделері үшін пайдалануға мүмкіндік береді.

Саяси экономия капиталистік елдердің жұмысшы табына капитализмнің сөзсіз құрылтынын, бостандықты жеңіп алу жолдарын көрсетеді. Саяси экономия халықтық демократия елдерінің компартияларына, еңбекшілеріне адамды адамның, қанауын қайткенде толық жоюға және социалистік қоғамды қалай орнатуға болатынын үйретеді. Совет Одағының Коммунистік партиясы, маркстік-лениндік теорияны, объективті экономикалық заңдарды білетіндікті басшылыққа ала отырып, ғылыми жағынан негізделген және практикада сыналған саясатты белгілеп, оны жүзеге асырып, еңбекшілерді коммунизм орнатуға ұйымдастырып келеді.

Саяси экономия оқулығы коммунистер мен партияда жоқтардың экономикалық білімдерді меңгеруге ұмтылған ынтасын арттырып, кадрлардың экономикалық білім дәрежесін көтеруге көмектеседі.

Партия, совет, шаруашылық кадрлары, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының қызметкерлері, біздің халықтық интеллигенциямыз коммунистік құрылыстың міндеттерін ойдағыдай шешу үшін экономикалық ғылымды қажырлықпен меңгереді.

(«Правда», 8 октябрь).

**СОВЕТ- ҚЫТАЙ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ ЖЕМІСІ**

ПЕКИН, 15 октябрь. (СОТА). Баспасөздерде жарияланған Совет-Қытай мазмұндамасына сәйкес Совет Одағы Совет-Қытай аралас Қоғамдарындағы өзінің үлесін, соның ішінде Дальний қаласындағы кемелер жасау және жөндеу жөніндегі Қоғамды Қытай Халық Республикасына беруге уйғарды.

Осыған байланысты «Чжунгоциннянбао» газеті Қоғам жұмысында бірлескен совет-қытай басшылығы кезінде болған үлкен өзгерістер туралы мақала басты. Кеме жөндеу шаруашылығы деп жазады газет, бұл жылдары танымастай өзгерді, ең алдымен өнім шығару техникасы күшті өзгерді. Екі жапон құрал-жабдықтарының орнына жаңа станоктар мен машиналар келді, жүк артатын және түсіретін көптеген универсалды және қуатты көтергіш механизмдер пайда болды, электр вагонетқалары қолмен істелетін ауыр жұмыстарды атқарды. Қоғамның кәсіпорындары цехтарында кәзіргі заманғы вентиляциялық құрал-жабдықтар орнатылды. Өндіріс процестерінің өзінде де едәуір өзгерістер болды. Электр пісіргіштердің көмегі және күшті дұрыс орналас-тырудың арқасында жұмыс сапалары едәуір жақсарылған жағдайда кемеі жасап шығаруға қажетті уақыт бірнеше есе қысқартылды.

Газет совет мамандарының кәсіпорындарды дамыту және қытайлық кадрлар-кеме жасаушылар дайындау ісінде қосқан маңызды үлестерін ерекше атап көрсетуде.

**«ФИНЛЯНДИЯ-СОВЕТ ОДАҒЫ» ҚОҒАМЫНЫҢ ОНЖЫЛДЫҒЫ**

ХЕЛЬСИНКИ, 15 октябрь. (СОТА). Бүгін «Финляндия-Совет Одағы» Қоғамының құрылғанына он жыл тоқты. Осыған байланысты демократиялық баспасөздер Қоғамның он жылдығына арналған басма-қалалар мен басқа материалдар жария-лауда. Қоғамның өткен он жыл ішінде фин халқының кең топтарын қамтытын жаппай бұқаралық ұйымға айналғаны атап көрсетілуде. Қоғамның беделі едәуір өсті, оның жұмысы да жақсарды. Қоғам Финляндия мен Совет Одағы арасындағы достық көршілік қатынастың дамуы үшін, Финляндия халқын Совет Одағындағы өмір жағдайларымен, совет мәдениетімен таныстыру үшін көп жұмыстар істеді.

**РУМИНИЯДА СОВЕТ КІТАПТАРЫ МЕН БАСПАСӨЗДЕРІНІҢ АПТАЛЫҒЫ**

БУХАРЕСТ, 15 октябрь. (СОТА). Кеше Румынияда совет кітаптары мен баспа-сөздерінің апталығы басталды. Осыған байланысты Бухаресте «Картя руса» кі-тап магазинінде кітап базарының сал-танатты ашылуы болды.

Кітап базарлары сол сыяқты Краевта, Констанцада, Плоештиде, Галацеде тағы басқа елдің көптеген қалаларында ашыл-ған.

Румын баспасы румын-совет достығы айлығы қарсаңында орыс классиктері мен совет авторларының бірқатар жаңа кітап-тарын, оның ішінде Л. Н. Толстой шы-

**Герман милитаризмін қайта тудыруға қарсы!**

**ФРАНЦИЯНЫҢ ҰЛТТЫҚ БЕЙБІТШІЛІК СОВЕТІНІҢ МЕНДЕС-ФРАНҚА АШЫҚ ХАТЫ**

ПАРИЖ, 15 октябрь. (СОТА). Фран-цияның Ұлттық бейбітшілік советінің тұ-рақты комиссиясы француз үкметінің басшысы Мендес-Франқа ашық хат жол-дап, бұл хатта былай делінген:

Сіз үкмет басына келгеннен кейін жұртшылық пікіріне тынбастан үн тас-тап келдіңіз. Бейбітшілікке ұмтылып, Ин-до-Қытайдағы соғысты тоқтату қажетті-гін ұзақ уақыт бойы түсініп келгендіктен жұртшылық пікірі сіздің Женева кеңе-сінде жасаған әрекетіңізді қолдады. Жұрт-шылық пікірі Ұлттық жыйналыстың ев-ропалық қорғаныс бірлестігі туралы до-говорды қабылдамай тастау жайындағы қарарын қуанышпен қарсы алды. Бірақ сіздің Лондон кеңесінде ұстаған позиция-ңыз жұртшылық пікірін қатты түңдірді.

Европалық қорғаныс бірлестігі туралы договорда француздардың көпшілігі ең-алдымен Германияны қаруландыруды айыптады. Германия бұл қарулануға, бас-қаша формада, Лондон келісімдерінде мүмкіндік алып отыр.

Великобританияның дерексіз кешілік-теріне және нақтыдан төрі елес болып көрініп отырған міндеттемелерінің орнына сіз герман армиясы мен әуе флотын қал-пына келтіруге, герман бас штабы мен Рурдың соғыс-өнеркәсіп қуаттарын қал-пына келтіруге келісім бердіңіз. Европалық қорғаныс бірлестігі сыяқты келісім-де бір ғана нәтижеге: Германияны қару-ландыруға, Германия мен Европаның бөл-шектенуін тереңдете түсуге, француздар-дың тұрмыс дәрежесіне экономикалық жағынан апатты зардаптары тиетін жан-таласа қарулануды күшейтуге, соғыс хауіпін шиеленістіруге әкеліп соқтырған болар еді.

Өзіңізден бұрынғылар сыяқты, сіз де парламентке Германияны қаруландыру сөзсіз болатын іс деп уағаздап келдіңіз. Бұл сылтауға жұртшылық пікірі сенбей-ді.

Жұртшылық пікірі жаппай қарусыз-дандыру туралы және герман проблема-сын бейбітшілікпен шешу туралы келіс-сөздер жүргізуге қолайлы перспективаның жарыққа шыққанын және барған са-йын айқын көрініп отырғанын біледі.

Барлық жерде білдіріліп отырған абыр-

жұшылық сезімін бәсеңдетпек болып, сіз Лондон келісімдерін орындаумен бірге Шығыспен де келіссөздер жүргіземіз деп мәлімдедіңіз. Жұртшылық пікірі жаппай қарусыздандыруға Германияны қарула-ндыру арқылы жетуге болмайтынын біледі. Лондон келісімдері бекітілгеннен кейін, Батыс Германияның одақтасына айналуы ықпаймал Францияның Европадағы гер-ман жоспарларын қолдауға міндетті бола-тынын және оның еркін қыймыл жаса-уына шек қойылатынын жұртшылық пі-кірі біледі. Жұртшылық пікірі Лондон келісімдерін бекіту жайындағы айтыста-рға дейін мұны барлық саяси партиялар қайраткерлері талап етіп отырғанындай, үкметтің герман проблемасы жөнінде төрт державаның арасында келісім жасасу және қарусыздандыру туралы келісім жаса-су мақсатымен қажетті қыймылдар жаса-уын талап етуге правоы. Ең маңызды бұл екі мәселеде Францияның мүдделері бейбітшілік мүдделерімен үйлесіп отыр.

Министрлер Советінің председатели мырза, Лондонда сіз түскен жол біздің елімізді елеулі хауіптерге әкеліп соқты-рады.

Жұртшылық пікірі Германияны қару-ландыруға кедергі жасайды. Ол сізге гер-ман милитаристерінің қолына қару ұстату ақылсыздық болар еді деп мәлімдейді. Ол өзінің өкілдеріне, өзінің депутаттарына тілек қояды. Ол өзінің еркін барған са-йын қажырлықпен көрсетеді. Ол Фран-цияның хауіпсіздігін, оның тәуелсіздігін, Европаның барлық елдерінің хауіпсізді-гін, бүкіл дүние жүзінде қарусыздандыру-ды және бейбітшілік орнатуды тілеп отыр.

Бұл зор мүдде, атап айтқанда, 31 ок-тябрьде бейбітшілік жолындағы күрестің ұлттық күнінде білдірілетін болады.

Жаппай қырып-жойтын қаруға тыйым салу жолында, қарусыздандыру жолында, Индо-Қытайда бейбітшілік орнату жолы-нда өзінің инициативасы бойынша науқан өткізілген және Германияны қандай фор-мада болса да қаруландыруға әуел бастан -ақ батыл қарсы шығып, герман пробле-масын келіссөздер жүргізу жолымен ше-шуді жақтаған Ұлттық бейбітшілік советі өзінің бұл шақыруын жұртшылық пікірі естіп, түсінеді деп сенеді.

дің төңрегінде болып отыр.

Югославияның өкілі совет ұсыныстары қару-жарақты азайту және ядролық қару-ды қолдануға тыйым салу туралы мәселе-лер де табысқа жетуге мүмкіндік береді деп атап көрсетті. Тапқылап отырған проблема жөнінде алауыздықтар бар еке-нін атап көрсете келіп, Югославия делега-ты қолданылатын шаралар туралы мәселе-де Хауіпсіздік Советі қарар қабылдайтын болсын деген пікір айтты. Қару-жарақты азайту және ядролық қаруды қолдануға тыйым салу туралы мәселеде табысқа же-туге қамтамасыз ету үшін, сонымен қатар


**БҰҰ Бас Ассамблеясының саяси комитетінде**

НЬЮ-ЙОРК, 15 октябрь. (СОТА). Ке-ше саяси комитеттің таңертеңгі мажлісін-де жалпы дискуссияның барысында Бель-гияның, Югославияның және Филиппин-аның өкілдері-шығып сөйледі.

Бельгияның өкілі өзінің сөзінде қару-сыздандырудың және атом қаруына ты-йым салудың кейбір мәселелері жөнінде тиісті жақтардың позициясы бір-біріне жақындай бастағанын атап көрсетті. Ол сонымен қатар қарусыздандыру жөніндегі комиссияның жұмысы үшін жағдайдың жалпы жақсарғанын қанағаттанғандықпен атап көрсетіп, осыған байланысты Совет

**ПЕТРОПАВЛДА**

**Жегу әбзелдері көп шығарылуда**



Петропавл машина-жол станциясына жаңа техника үздіксіз келуде. Станция жақында екі скрепер мен екі бульдозер алды. СУРЕТТЕ: жаңадан алынған скрепер. Суретті түсірген А. Розенштейн.

**Кітап қоры молаюда**

Мемлекеттік мекемелер кәсіпшілік ода-ғы облыстық комитетінің кітапханасы жыл сайын жаңа әдебиеттермен толықты-рылып келеді. Кәзір кітапхананың кітап қоры 10,5 мыңнан асады. Оның ішінде ғылыми, саяси, техникалық, ауылшаруа-шылық көркем және басқа әдебиеттер бар.

Өткен жылы кітапхана Ленинград, Свердловск және Новосибирь қалалары-нан 20 мың сомның әртүрлі әдебиеттерін жаздырып алды. Ал, үстіміздегі жылы Ленинградтан орыс классиктерінің шы-ғармаларын сатып алды.

Кітапханада кітап қорының өсуіне бай-ланысты тұрақты кітап оқушылар саны да көбейде. Кәзірдің өзінде кітапхананың тұрақты кітап оқушылары 1500-ден асады.

Қала мекемелерінде кітапхананың 20 жылжымалы кітапханалары жұмыс істей-ді. Олардың әрқайсысында 100-ден астам кітап бар. Бұл кітаптар ай сайын жаңа әдебиеттермен ауыстырылып отырылады.

Мемлекеттік мекемелер кәсіпшілер ода-ғы облыстық комитетінің кітапханасы жайында Петропавл совхозының жұмыс-шылары мен қызметшілеріне мың дана кітап тарту өтті. Бұл кітаптардың ішінде көркем әдебиеттен басқа ауыл шаруашы-лығы алдыңғы қатарлыларының озат ең-бег әдістерін насихаттайтын кітаптар да бар.

Кітапхана кітап оқушылар конфе-ренциясын үзбей өткізіп тұрады. Жақында Леонид Леоновтың «Орыс орманы» де-ген кітабы бойынша кітап оқушылар кон-ференциясын өткіземіз. Мұнымен бірге, кітапханада сурет көрмесі, витриналар және фотомонтаждар да ұйымдастырыла-ды. Әртүрлі тақырыпта лекциялар оқы-лады.

3. БЕГОНЕНКО.

**Жаңа міндеттеме**

Қаладағы «Прогресс» кәсіпшілік арте-лінің коллективі айлық тапсырманы үне-мі асыра орындап келеді. Коллектив ме-реке күрметіндегі социалистік жарысқа ұштасып, өздеріне жаңа міндеттеме қа-былдады. Октябрь айының жұмыс жос-парын 25 күн ішінде аяқтап, қалған 6 күннің ішінде жоспардан тыс жоғары сапалы өнім беруді ұйғарды. Мұнымен бірге, коллектив өнімнің өзіндік құнын 2 процент кемітіп, мемлекетке 50 мың сом пайда келтіруге міндеттенді.

Артель коллективі осы жылдың өткен 9 айының жоспарын 112 процент етіп орындаған болатын. Кәзір бригадалар социалистік жарысты кеңінен өрістетіп, ал-ған міндеттемені аброймен орындау жо-лында еселенген қарқынмен еңбек етуде.

Социалистік жарыста Августина Фили-пова жолдастың бригадасы еменалық тапсырмасын үнемі 150 проценттен оры-ндап, артель бойынша алда келеді. Артель-дің ауыспалы қызыл туын да осы бри-гада жеңіп алған болатын. Бригада мү-шелері Анна Королева, Аяна Кустина және басқалары тапсырмаларын ылғый асы-ра орындайды. Бригада Фома Герасименко жолдастың бригадасын социалистік жарысқа шақырды.

Артель коллективі еңбек өнімділігін арттыра отырып, мереке күрметіне алған жаңа міндеттемесін сөз жоқ, аброймен орындап шығады.

М. АЛШЫНБАЕВ,

«Прогресс» кәсіпшілік артелінің председатели.

**Жаңа фабрика**

Қаладағы болашақ тігін фабрикасының құрылысы аяқталып келеді. Жаңа фабри-ка әйелдердің және балалардың киімдерін тігетін болады. Соңғы күндерде жаңа кә-сіпорынға 150 универсалды тігін маши-насы, еңбек процесін көп тілейтін жү-

Еліміздегі сапалы өнімді көп шығара-тын және өнімнің өзіндік құнын үнемі кемітіп, еңбек өнімділігін еселеп артты-ратын өнеркәсіп орындарының іс тәжри-бесін өндірісте кеңінен қолдана отырып, қаладағы «10 лет Казахстана» кәсіпшілік артелінің коллективі үстіміздегі жылы ауыл шаруашылығына керекті жегу әб-зелдерін шығаруда елеулі табыстарға ие болды.

Артель коллективі үстіміздегі жылдың тоғыз айы ішінде 2 миллион 330 мың сомның ауыл шаруашылығына қажетті жоғары сапада даярланған жегу әбзелде-рін облысымыздың колхоздары мен сов-хоздарына беруге міндеттенген болатын. Бұл өндірістік міндеттеме 100 проценттен астам болып, аброймен орындалды. Өнім-нің өзіндік құны 1,2 процентке кемітілді. Ал артель жұмысшылары үнемделген шыкізат есебінен 12 мың сомның әбзелде-рін шығарды.

Бұл жұмыстарда артельдің озат шебер-лері Манников, Уренцова, Марков, Рюхов жолдастардың еңбегі ерекше көзге түсті. Олар өздеріне жүктелген өндірістік жо-спарды үнемі екі-үш еседен асыра орындап, еңбектің озат үлгісін көрсетіп жүр. Мәселен өткен сентябрь айында шебер Манников өндірістік жоспарды 270 процент, Уренцова 220 процент, ал Марков 213 процент орындап шықты.

Бұл күндері «10 лет Казахстана» кә-сіпшілік артелінің жұмысшы, қызметкер-лері Ұлы Октябрь социалистік революция-сының 37 жылдық мерекесі қарсаңындағы социалистік жарысқа кеңінен ұшта-сып, жылдық жоспарды мереке күніне дейін орындап шығуға міндеттеніп отыр.

А. БОРИСОВА,

«10 лет Казахстана» артелінің жоспарлау тобының жетекшісі.

**126 агроном**

Петропавлдың колхоздардың басшы кадрларын даярлайтын орта мектебі жа-қында оқу жылын аяқтады. Үшжылдық курсты 126 адам бітіріп шықты. Олар-дың 31-і ерекше диплом алды. Мектепті бітірген оқушылардың барлығына кіші агроном атағы берілді.

Ауылшаруашылық мамандары мектеп-тегі үш жылдың ішінде жалпы білім бе-ретін пәндерден басқа мал шаруашылы-ғы, егін шаруашылығы, ауыл шаруашы-лығы механикаландыру, колхоз өндірісін ұйымдастыру, селекция және басқа пән-дерді өтті.

Ауыл шаруашылығы орта мектебін ой-дағдайды бітірген бұл агрономдар өздері келген колхоздарға қызметке жіберілді. Олардың ішінде біздің облысымыздан бас-қа Ақмола, Қызылорда, Қостанай және Қа-рағанды облыстарының агрономдары да бар.

39 адам мектептің біржылдық курсына да оқыған болатын. Олар да мектепті ай-тарлықтай бітіріп, ауыл шаруашылығы-ның техника-ұйымдастырушысы атағын

гармаларының екінші және төртінші шығармаларын, А. С. Пушкин таңдамалы шығармаларының екі томдығын А. П. Чехов шығармаларының бірінші томын, М. Шолоховтың «Көтерілген тыңын» және басқаларын басып шығарды.

Орыс классиктері мен совет жазушыларының шығармалары Румын Халық Республикасында көптеп таралуда. Соңғы он жыл ішінде Румынияда румын тілінде және басқа ұлттар тілінде барлығы 7 мыңнан астам орыс тілінен аударылған көркем, саяси және ғылыми-техникалық әдебиеттер жалпы тиражы 75 миллион данадан астам болып шықты.

Румынияда совет баспасөзі кеңінен таралуда. Кәзіргі уақытта елде 400-ден астам совет газеттері мен журналдары тарайды.

### ИНДИЯНЫҢ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ НЕРУДІҢ ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКА- СЫНА ЖҮРІП КЕТУІ

ДЕЛИ, 15 октябрь. (СОТА). Бүгін Қытай Халық Республикасына бара жатқан Индияның премьер-министрі Джавахарлал Неру Делиден ұшып кетті. Премьер-министр Нерудің жанында оның қызы Индира Ганди ханым және Индия сыртқы істер министрлігінің бас секретары Н.Р. Пиллаи бар.

Аэродромда Неруды Индияның президенті Раджендра Прасад министрлер, дипломатиялық корпусының мүшелері, КХР сауда делегациясының мүшелері және басқалары шығарып салды.

Кешинге барар жолда Неру Рангунге, Вьен-Тьянга және Ханойға тоқтайды.

### ВЬЕТНАМ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ РЕСПУБЛИ- КАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ХАНОЙДАҒЫ МӘЖЛІСІ

ШАНХАЙ, 15 октябрь. (СОТА). Вьетнам информативтік агенттігі былай деп хабарлайды:

Жарияланған мазмұндамаға қарағанда, 12 октябрьде Вьетнам Демократиялық Республикасының астанасы — Ханойда министрлер кабинетінің мәжлісі болған.

Мәжлісте Ханойды тапсыру Вьетнам Халық армиясының Ханойға келуін қызу құттықтаған бұйып халықтың энтузиазмі жардайында өткендігі атап көрсетілген. Ханойда хауісіздік тәртібі қамтамасыз етілді; қала өмірі қалыпты түрге көшті. Министрлер кабинеті Ханойды тапсырудың ұйымшылдықпен өтуі астана тұрғындары патриотизмінің және ВХА-ның тәртіптілігінің айғағы болып табылады, деп атап көрсетеді.

Министрлер кабинеті Халық армиясының және кадрдағы қызметкерлердің олардың астананы тапсыруды ойдағыдай өткізуге күш салғаны үшін құттықтауға қаулы етті.

Ханойдың азат етілуіне байланысты министрлер кабинеті тұтқындарға кешірім беруді ұйғарды.

одағының ұсыныстары туралы дұрыс көзқарас білдірді. Бірақ, ол көптеген пункттерді, атап айтқанда, қарусыздандырудың көлемі туралы, сондай-ақ бақылау органының міндеттері мен өкілдіктері туралы мәселеде әлі де елеулі алауыздықтар болып отыр деп атап көрсетті. Белгияның өкілі бақылау органына тексеру және шаралар қолдану саласында ерекше өкілдіктер берілуін жақтады. Байқала бастаған қолайлы жағдайда, деді ол бұдан кейін, қарусыздандыру жөніндегі комиссияда мәселені оған әрі талқылаған жөн, өйткені алауыздықтар, оның айтқанындай, көбінесе техникалық сыйпаты бар мәселелер-

### БҰҰ Бас Ассамблеясының арнаулы саяси комитетінде

НЬЮ-ЙОРК, 15 октябрь. (СОТА). Кеше арнаулы саяси комитет Бирма одағының гоминдандық бандалар тарапынан өзіне қарсы жасалған агрессия туралы шағымы жөніндегі жалпы дискуссияны аяқтап, 13 октябрьде енгізілген он елдің қарарын талқылауға кірісті.

Уругвай, Пакистан, Эфиопия және Индия өкілдері өздерінің сөздерінде Бирманың территориясында әрекет жасаушы

халықаралық комиссияны оңдаудан жүзеге асыру үшін, деп мәлімдеді Югославия делегаты, ынтымақ пен сенім рухын қалпына келтіру қажет. Югославияның делегаты қарусыздандыру туралы мәселелерде табыстың қандайы болса да халықаралық қатынастарға тура әсер ететініне назар аударды.

Филиппины делегаты әртүрлі ұсыныстарды келістіру үшін «жұмысшы тобы» құрылсын деген өз ұсынысын тағы да қолдады.

Саяси комитет бүгін өз дискуссиясын оған әрі жүргізеді.

гоминдандық бандалар тарапынан Бирманың суверенитетіне қатер төндіріліп отырғанына назар аударып, Бирма үкметінің шағымын қолдады.

Бүгін комитетте жоғарыда көрсетілген қарар жобасы дауысқа қойылады, содан кейін күн тәртібінің: «Оңтүстік Африка одағындағы шыққан тегі индиялық адамдардың жағдайы» деген екінші пунктті талқылана бастайды.

### Хауісіздік Советінде

НЬЮ-ЙОРК, 15 октябрь. (СОТА). Кеше «Суэц каналы арқылы Израильға келетін сауда кемелерінің жүруіне шек қою» жөніндегі Израильдің Египеттің үстінен арыз етуіне байланысты Хауісіздік Советінің мәжлісі болды. Бұл арыз Израиль тарапынан 28 сентябрьде Суэц каналында Израильдің сауда кемесі «Бат Галим» сауда кемесін Египет өкмет орындарының ұстап алғанына байланысты берілген болатын.

Күн тәртібін бекіткеннен кейін Совет бұл жанжал жөніндегі өздерінің дәлелдерін баяндап берген Израиль мен Египет өкілдерінің түсініктері тыңдады. Совет араб елдері мен Израиль арасындағы уақытша бітімді байқаушы аралас комиссиядан баяндама алынғанға дейін бұл мәселені қарау кейінге қалдырылсын деген Бразилия делегатының ұсынысын қабылдады.

### Тайваньдағы американ агрессиясына қарсы

ДЖАКАРТА, 15 октябрь. (СОТА). «Син по» газеті былай деп мәлімдейді: Тайваньдағы гоминдандықтар АҚШ-тың қолдауына сүйеніп хауісіз істер жүргізуде. «Син по» чанкайшпалықтардың ССРО-ның, Польшаның, Англияның және басқа елдердің сауда кемелеріне қарақшылықпен шабуыл жасауы туралы ашынғандықпен жазады. Тайваньдағы чанкайшпалық тобырлармен, деп көрсетеді газет, жұмысты

аяқтайтын және аралды өзінің заңды қожасы — халықтық Қытайға беретін уақыт жетті. «Халық рақияты» газеті былай деп жазады: «Бұрын мәлім болғанындай, Тайвань аралы Қытайдың заңды территориясы болып табылады, ал, АҚШ оны оқу-нациялап барлық халықаралық келісімдерді бұзып отыр».

### Батыс Германияда Шығыс Европа елдерімен сауданы кеңейтуді талап етушілік

БЕРЛИН, 15 октябрь. (СОТА). АДН агенттігінің хабарына қарағанда, кеше Бонн бундестагының (Жоғарғы палата) сыртқы істер жөніндегі комиссиясы «эмбарго батыс саясатының көлемінде» Шығыспен сауданы кеңейтуді жақтап пікір

айтқан. Комиссияның осы мәселеге арналған арнаулы мәжлісі портты қалалар Гамбург пен Бремен өкілдерінің талабы бойынша шақырылған, олар Батыс Европа елдерімен сауданы шектеу саясатына өте күшті жапа көріп отыр.

### БРАЗИЛИЯДАҒЫ ЕРЕУІЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ

МОНТЕВИДЕО, 15 октябрь. (СОТА). «Импренса популар» газеті былай деп хабарлайды: Бразилияда Годан Пернамбука ауданында 16 қант плантациялары мен заводтарының ауылшаруашылық жү-

### Қаладағы мемлекеттік мекемелер кәсіпшілік одағы облыстық комитеті кітапханасының меңгерушісі.

### Овощь сатуда

Қалалық кооперативтік сауда бөлімі облысымыздың колхоздары мен ауыл шаруашылығы өнімдерін сату жөнінде шарт жасап, қала еңбекшілеріне арбыз, қыяр, сәбіз, пияз және басқа дақылдарды сата бастады. Бұл дақылдарды сату үшін колхоз базарында және қаланың басқа жерлерінде 8 дүкен ашылды.

Сондай-ақ, қалалық кооперативтік сауда бөлімі Жамбыл облысының колхоздарымен де шарт жасады. Жамбыл облысынан қалаға 40 тонна алма әкелінді. Кәзіргі өзінде мұның жартысына жуығы қала еңбекшілеріне сатылды.

Қалалық кооперативтік сауда бөлімі жыл басынан бері қала еңбекшілеріне колхоздардан әкелінген 3 миллион сомның ауылшаруашылық дақылдарын сатты. Овощь және басқа дақылдарды көптеп сату әлі де тоқтаусыз жүргізілуде, **У. БӘКІРОВ.**

### Байланыс бөлімінің жұмысын жандандыру керек

Полудень аудандық байланыс бөлімінің жұмысы байланысшылар алдында тұрған міндеттерді жүзеге асыру дәрежесінен төмен болып отыр. Оған біз мынадай мысалдар келтірейік:

Үстіміздегі жылдың алғашқы жартысында «Пламя революция» колхозының орталығына 19 километрлік телефон жолын орнатуға, сол сыяқты Никольевка селосынан 3 километрдегі «Путь коммунизма» ауылшаруашылық артелине телефон сымын тартуға облыстық байланыс басқармасы жоғары жасаған болатын. Бұл жоғары колхоз басқармалары мен колхозшылар жұртшылығы қуанышпен қарсы алды. Бірақ, олардың қуанышы ақталмады.

Аудан орталығынан 12 километр жердегі Ленин атындағы ауылшаруашылық артелине тартылған телефон жолы мүлдем өскірген. Діңгектері піріп, құлап жатыр. Бұл жолды күрделі жөндеуден өткізу жоғарыдан еді. Жалпы Полудень ауданында 203 километр телефон линиясы орта жөндеуден өткізілуге тиіс. Бірақ, көректі материалдарды облыстық байланыс басқармасы жеткізбегендіктен бұл жұмыстар әлі қолға алынған жоқ.

Үстіміздегі жылдың басында облыстық байланыс басқармасының жанынан радиоландырудың құрылыс-монтаж мекемесі ұйымдастырылған. Онда Симухин жолдас бастаған бірнеше инженер-техниктер жұмыс істейді.

Сол сыяқты, бұл ауданның кейбір колхоздарында радиоландыру жұмысы да жүргізілмей келеді. Оған алдымен облыстық байланыс басқармасын қиналау керек: Өйт-

кені, облыстық байланыс басқармасы осы жылдың ішінде радиоландыру туралы «Победа» және Тельман атындағы колхоздармен шарт жасасқан болатын.

Аудандық радио торабының жұмысы да ойдағыдай емес. Онда «Т.У. 500» маркалі бір-ақ қабылдағыш бар. Осы жалғыз қабылдағыштың өзі де жазды күні сынып қалып, радио торабы біржарым ай жұмыс істемей босқа тұрды. Август айында облыстық байланыс басқармасының бастығы Александровский жолдас Полудень ауданында болғанда 100 ваттық радио-қабылдағыш беруге уәде берген еді. Бірақ, бұл уәде естен шығып кеткенге ұқсайды.

Аудандық байланыс мекемесі үшін үстіміздегі жылдың көктемінде үй салу жұмысы қолға алынған еді. Жоғары бойынша бұл үй быйлығы жылы аяқталуға тиіс. Бірақ, кәзір үйдің құрылысы тоқтатылған. Өйткені, оған керекті материалдар жоқ. Егерде, облыстық байланыс басқармасы үйдің құрылысына керекті материалмен аудандық байланыс мекемесіне дереу көмек көрсетпесе мекеме үйдің құрылысы аяқталмай қалуы ықтимал.

Бұдан былайғы жерде облыстық байланыс басқармасы Полудень аудандық байланыс мекемесінің жұмысына жете назар аударып, оның жұмысындағы кемшіліктерді дереу жоюға өз тарапынан болатын бастының жұмысын жақсартуға міндетті.

Бұл жұмыстың орындалуына қажетті материалдарды қала еңбекшілеріне арбыз, қыяр, сәбіз, пияз және басқа дақылдарды сата бастады. Бұл дақылдарды сату үшін колхоз базарында және қаланың басқа жерлерінде 8 дүкен ашылды.

Әресе, Дудкин, Пономаренко, Сәрсенбин, Кузнецов және басқа жастар аянбай жұмыс істеп, тамаша еңбек үлгілерін көрсетті. Мұнымен бірге, техникумның бірқатар студенттері Булаев ауданының колхоздарында картоп және овощь дақылдарын жыйнауға көмектесуде. **М. ДӘРІБАЕВ.**

### В. УӘЛИЕВ.

### Күзде ағаш отырғызу

Петропавл «Зеленстрой» тресінің коллективі быйыл жеміс-жидек, акация және басқа ағаштардың мыңнан аса жоғары сортты түрлерін өсірді. Бұл күндері трест өсірген түрлі ағаштар қаланың көшелеріне, заводтардың территорияларына, мектеп алаңдарына көптеп отырғызылуда. Қалада күзде ағаш отырғызу маусымы басталды.

Шағын двигательдер зауытының коллективі кәсіпорынның территориясын көгалдандыруды осы бастап қолға алды. Жұмысшылардың күшімен завод территориясына 300 түп ағаш отырғызылды. Сол сыяқты, педагогикалық училищенің оқушылары да «Зеленстрой» тресі питомнігінен 500-ден астам ағаш түптерін сатып алып, оларды училищенің жаңадан ашылатын тәжірибе участогіне отырғызды. Бұлардың ішінде алма, қарақат, слива, сирень және басқа жеміс ағаштары бар. Туған қаланы көгалдандыруға ересектер мен бірге, мектеп оқушылары да белсене араласуда. **У. РӘШЕВ.**

Редактор **Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

### Киноларда

«УДАРНИК» кинотеатрында

«ҚАҒЫРҒАН АДАМ»  
(Екінші сериясы)

Сеанстар кешкі сағат 5-те, 6-50, 8-40 және 10-30-да басталады.

«ОКТАБРЬ» кинотеатрында

«ҚАҒЫРҒАН АДАМ»  
(Бірінші сериясы)

Сеанстар кешкі сағат 6-50, 8-40 және 10-30-да басталады.

Солтүстік Қазақстан облыстық «Заготживсырьё» мекемесіне түпкілікті жұмысқа жеке баланста істеу үшін аға бухгалтер, бухгалтер-ревизор және есепші-кассир КЕРЕК. Ед. бекақы смета бойынша төленеді.

АДРЕС: Петропавл қаласы, Қарағанды көшесі, 51-үй. Телефон 7—30.

Оқушылар үшін пәтер үй КЕРЕК.  
Пәтерге үй берушілердің сауда-кулинарлық мектепке келіп жолыуларына болады.

**М. ЖАРАСОВ.**

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және насихат бөлімдері — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, мәдениет-тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.